Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АШЫҚ СПОРТ ИМАРАТТАРЫН ЖОБАЛАУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ ОТКРЫТЫХ СПОРТИВНЫХ СООРУЖЕНИЙ

ҚР ЕЖ 3.02-119-2014
СП РК 3.02-119-2014

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

1.	**ӘЗІРЛЕГЕН:**	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС
2.	**ҰСЫНҒАН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3.	**БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы «29» желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылдың 1 шілдесінен бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

1.	**РАЗРАБОТАН:**	АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД»
2.	**ПРЕДСТАВЛЕН:**	Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3.	**УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:**	Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсам Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ ... V
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ ... 1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР ... 1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР ... 2
4 ҚОЛАЙЛЫ ШЕШІМДЕР ... 3
4.1 Негізгі ережелер ... 3
4.2 Өрт қауіпсіздігі ... 4
4.3 Инженерлік іздестірулер ... 6
4.4 Көлемдік-жоспарлық шешімдер ... 7
4.4.1 Учаске мен аумақты жоспарлау ... 7
4.4.2 Шаңғы базалары ... 12
4.4.3 Оқ ату тирлары ... 14
4.4.4 Есу базалары ... 15
4.4.5 Халықтың дене шынықтыру-сауықтыру жаттығуларына арналған құрылыстар ... 20
4.4.6 Көрермендерге арналған орындар ... 21
4.4.7 Ойын алаңдары мен алаңқайлары ... 22
4.4.8 Қосалқы үй-жайлар ... 24
4.4.8.1 Оқ атуға арналған тирлардың қосалқы үй-жайлары ... 26
4.4.8.2 Есу базаларының қосалқы үй-жайлары ... 26
4.4.8.3 Халықтың дене шынықтыру-сауықтыру жаттығуларына арналған құрылыстардың қосалқы үй-жайлары ... 26
4.4.9 Стадиондар ... 27
4.4.10 Спорт ядросы және спорт ареналары ... 28
4.4.11 Қазақтың ұлттық және ат спортының түрлері ... 29
4.5 Ғимараттардың конструктивтік шешімдері және құрылыс конструкцияларын есептеу әдістері ... 29
4.6 Инженерлік желілер мен желілерді жобалау ... 31
4.6.1 Сумен қамту және канализация ... 31
4.6.2 Жылыту және желдету ... 33
4.6.3 Электрмен қамту және электр техникалық құрылғылар ... 33
4.7 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету ... 35
4.8 Қоршаған ортаны қорғау ... 37
5 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ ... 38
5.1 Энергия үнемдеу және жылу шығынын азайту ... 38
5.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану ... 39
А қосымшасы *(ақпараттық)* Ашық жазық спорт құрылыстарының құрылыс өлшемдері және олардың өткізу қабілеті ... 40
Б қосымшасы *(ақпараттық)* Екі секторлы спорт ядросының жоспары ... 45

В қосымшасы *(ақпараттық)* Жеңіл атлетика жолдарының ішкі кемері жиегінің жоспары 46
Г қосымшасы *(ақпараттық)* Ашық спорт құрылысына арналған алаң көлемі 47
Д қосымшасы *(ақпараттық)* Оқ атуға арналған тирлер 59
Е қосымшасы *(ақпараттық)* Жасанды газон төселген футбол алаңы 65
Ж қосымшасы *(міндетті)* Трибуналардағы көрермендер орындарының орналасуы 70
К қосымшасы *(ақпараттық)* Ашық спорт құрылысы қосалқы үй-жайының құрамы мен ауданы 74
Л қосымшасы *(ақпараттық)* Ашық жазық құрылыстың схемасы мен көлбеу шамасы 96
М қосымшасы *(ақпараттық)* Спорт ареналары жабындары конструкцияларының схемалары 97
Н қосымшасы *(ақпараттық)* Футбол алаңына арналған «шыршалы» дренаждың схемасы 100
П қосымшасы *(ақпараттық)* Ат спортының түрлері 101
Р қосымшасы *(ақпараттық)* Ашық спорт құрылыстарын инженерлік қамтамасыз ету 105

КІРІСПЕ

Осы құжат нормалаудың параметрлік әдісіне сәйкес Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы нормативтік базасын реформалау шегінде әзірленді.

Осы ҚР ЕЖ «Ашық спорт имараттарын жобалау» «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің дәлелдемелік базасына кіретін нормативтік құжаттардың бірі болып табылады және құрылыс саласындағы халықаралық ынтымақтастықтағы техникалық кедергілерді жоюға бағытталған.

Осы ережелер жинағы инженерлік іздестірулер, көлемдік-жоспарлық шешімдер, технологиялық және санитарлық-гигиеналық талаптар, өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдай кезінде адамдарды қорғау шаралары жөніндегі нұсқауларды белгілейді.

Осы ережелер жинағы қолайлы шешімдер болып табылатын параметрлерді қамтиды және ҚР ҚН «Ашық спорт имараттарын жобалау» құрылыс нормаларының талаптарын орындаудың бірден-бір әдісі болып табылмайды.

Ашық спорт құрылыстары мен қондырғылардың әртүрлі элементтерін орнату үшін материалдарды, конструктивтік шешімдерді таңдау жобалық ұйым құзыретіне жатады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ РЕСПУБЛИКИ ҚАЗАҚСТАН

АШЫҚ СПОРТ ИМАРАТТАРЫН ЖОБАЛАУ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ ОТКРЫТЫХ СПОРТИВНЫХ СООРУЖЕНИЙ

Енгізілген күні – 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы ережелер жинағы ашық спорт құрылыстарының аумағына, көлемдік-жоспарлық шешіміне және инженерлік қамтамасыз етілуіне қолайлы шешімдерді белгілейді.

1.2 Ережелер жинағы спорт кешендері, сондай-ақ басқа да объектілер, оның ішінде ұйымдық-құқықтық меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жалпы білім беретін мектептер орналастырылуы ықтимал жаңа және реконструкцияланған ашық спорт құрылыстарын (алаңқайларды, алаңдарды) жобалауға таратылады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережелер жинағын қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР ЕЖ 1.02-104-2013 Құрылысқа арналған инженерлік іздестір. Сейсмикалық шағын аймақтандыру. Жалпы ережелер.

ҚР ЕЖ 2.02-102-2012 Ғимараттар мен имараттардың өрт автоматикасы.

ҚР ЕЖ 2.03-101-2012 Аймақтарда және отырмалы топырақтарда орналасқан ғимараттар мен имараттар.

ҚР ЕЖ 2.04-104-2012 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ЕЖ 2.04-106-2012 Ғимараттардың жылу қорғанысын жобалау.

ҚР ЕЖ 3.01-101-2013 Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ЕЖ 3.02-101-2012 Көп пәтерлі тұрғын ғимараттар.

ҚР ЕЖ 3.02-120-2012 Мәдени ойын-сауық мекемелері.

ҚР ЕЖ 3.06-101-2012 Ғимараттар мен имараттарды халықтың қимылы шектеулі топтары үшін қолжетімділіктін есебімен жобалау.

ҚР ЕЖ 4.01-101-2012 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ЕЖ 4.02-101-2012 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ЕЖ 4.04-107-2013 Электр-техникалық құрылғылар.

Ресми басылым

ҚР ЕЖ 4.04-106-2013 Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды электрмен жабдықтау. Жобалау ережелері.

ҚР ЕЖ 5.01-102-2013 Ғимараттар мен имараттардың іргелері.

Ескертпе - Осы құрылыс нормаларын пайдаланған кезде ағымдағы жылғы жағдай бойынша жасалатын «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесі», «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттар көрсеткіштері» және «Қазақстан Республикасының стандарттау бойынша мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» ақпараттық тізімдемесі және ай сайын шығатын тиісті ақпараттық бюллетень-журнал бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылса (өзгерсе), онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз күшін жойса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысы жоқ бөлігіне қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында осы объектілерге құрылыс нормаларында келтірілген терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Көрермендер орнының блогы**: Көрермендер блоктың ортақ өткелі (баспалдақ) арқылы бір бағытпен және жол бойы бір жақты көрініспен (көлденең пандус, жоғары көтерілетін немесе төмен түсетін баспалдақтар) эвакуцияланатын орындар жиынтығы.

3.2 **Дренаж**: Жердің үстіңгі бетінен суды табиғи немесе жасанды жою.

3.3 **Дернина**: Табиғи көгал жамылғысынан кесіп жасалған тікбұрыш пішінді пластина (30 см × 40 см).

3.4 **Көп қызметті алаңдар:** Бірнеше спорт ойындарына (волейбол, баскетбол, мини футбол және т.б.) арналған спорт алаңқайлары.

3.5 **Ат жарысы алаңы:** Спорттық-жүгіру ат спорты түрлерін өткізуге арналған алаң.

3.6 **Скейтбординг:** Ролик тақтада сырғанау.

3.7 **Спорттық газон**: Футбол алаңы конструкциясының қабаты.

3.8 **Спорттық корпус**: Қосалқы үй-жайлары бар бір (немесе бірнеше) спорт залдар орналасатын ғимарат. Екі және одан көп зал үй-жайлары бар спорт корпустарында олардың бірі ваннасы бар зал немесе жасанды мұзды сырғанақ болады.

3.9 **Спорттық көрсетілім құрылысы**: Кем дегенде:

- 5000 адамдық – футбол алаңы мен айналып жүгіруге арналған ұзындығы 400 м жеңіл атлетика жолағы бар ашық спорт ядроларында;
- 3000 адамдық – футболға арналған жабық спорт құрылыстарында;
- 1100 адамдық – партердегі орындарды санамағанда, жабық сырғанақтарда;
- 1000 адамдық – жеңіл атлетикаға арналған жабық құрылыстарда және ашық бассейндерде;
- 800 адамдық – спорт ойындарына арналған ашық ареналарда;
- 600 адамдық – бассейндердің жабық ванналары жанында, сондай-ақ партердегі орындарды санамағанда, қалған ашық спорт құрылыстарында (тирлардан басқа) трибуналардағы көрермендерге арналған орын саны.

3.10 **Спорттық ойын-сауық құрылысы**: Мәдени-ойын-сауық және қоғамдық шараларды өткізуге арналған спорттық-көрсетілім құрылысы.

3.11 **Ату кешені:** Бір аумаққа біріктірілген әртүрлі типтегі тирлер кешені.

3.12 **Денсаулық соқпақ жолы**: Жалпы дамыту жаттығуларына арналған снарядтар орналасқан, еркін пішіндегі тұйық жиегі бар, сауығып жүгіруге және жүруге арналған жол**.**

3.13 **Көкпар:** Ат үстінде топ болып жарысатын спорт түрі.

3.14 **Ипподром:** Трибуналармен қоршалған, секіру алаңы бар ашық жазықты ат спортының құрылысы.

3.15 **Саят:** Жеке және топпен бірігіп, құс аулау және жыртқыш құстармен аң аулау.

4 ҚОЛАЙЛЫ ШЕШІМДЕР

4.1 Негізгі ережелер

4.1.1 Спорт түрлері бойынша мамандандырылған ашық жазық спорт құрылыстарының тізбесін, құрылыс көлемін және жаттығушыларға арналған қосалқы үй-жайлардың ауданын анықтауға қажетті өткізу қабілетін, үстіңгі жұмыс жабынының түрін А.1-кестеге сәйкес қабылдау қажет.

4.1.2 Спорт ядросының көлемін А.1-кестеде келтірілген айналмалы жеңіл атлетикалық жүгіру жолының көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес, ал өткізу қабілетін жүгіру жолдарының және бір-біріне сәйкес келмейтін және Б.1, В.1-суреттерге сәйкес қатар пайдаланылатын жеңіл атлетикаға арналған қалған орындардың өткізу қабілетінің сомасына қарай қабылдау қажет.

4.1.3 Ұзындығы 400 м айналмалы жеңіл атлетикалық жүгіру жолы ме спорт ядросының кешені құрамында диск, найза, тоқпақ және граната лақтыру бойынша оқу-жаттығу сабақтарына арналған алаңқай қарастыру қажет. Алаңқайлардың көлемі А.1-кестеде келтірілген талаптарды басшылыққа алу арқылы осы спорт түрлеріне арналған берілген орын санына сәйкес айқындалады.

4.1.4 Ашық жазық құрылыстардың үстіңгі жұмыс қабаты ретінде төмендегілерді қабылдау қажет:

- су өткізетін жабынның екі түрі – оңтайлы қоспа (НВ-1) және спорттық газон (НВ-2);
- су өткізбейтін жабынның үш түрі - синтетикалық (В-1), асфальтобетон (В-2) және бетон (В-3).

Ескертпе – Ашық спорт құрылысы жабынының түрін жобалауға берілген тапсырмаға және осы ережелер жиынтығының ережесіне сәйкес қабылдау керек.

4.1.5 Тенниске, қалашықтарға және спорт ядросына арналған алаңдарда стационарлық қоршаулар болуы, Г.1, Г.2-суреттерге сәйкес жобалануы қажет.

Қоршауларда ені кем дегенде 3,5 м дарбаза мен қақпа қарастыру керек.

4.1.6 Ашық спорт құрылыстарының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу тапсырмасына құрылыс шарттарының аймақтық және өңірлік талаптары енгізілуі тиіс.

4.1.7 Жобалық-сметалық құжаттамада шығармашылық немесе техникалық шешімдер (зияткерлік меншік) пайдаланылған жағдайда, жобада тиісті сілтеме жасалуы қажет.

4.1.8 Жобалау құжаттамасына тапсырыс беруші үлгі жобаларды әзірлеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар мен мекемелер, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар болады.

4.1.9 Белгіленген тәртіппен мемлекеттік сараптамадан өткен бекітілген (мақұлданған) инвестициялар болған жағдайда ірі және күрделі объектілерді жобалау және құрылысын жүргізу үшін тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органмен және қадағалау органымен бірігіп бекітетін техникалық шарттар әзірлеу қажет.

4.1.10 Ашық спорт құрылыстарын жобалаған уақытта төмендегілер арқылы қол жеткізілетін лаңкестікке қарсы қорғанысты қарастыру керек:

а) құрылысты салу үшін бөлінген жер телімінің тиімді жоспарлық ұйымдастыру;

б) тиімді сәулет, конструктивтік және көлемдік-жоспарлық шешімдер;

в) маңайдағы аумақ пен құрылыстағы үй-жайларды аймақтарға бөлу;

г) лаңкестікке қарсы қорғанысты қамтамасыз ету жүйесін құру;

д) келуші адамдардың, көлік құралдарының және жүктің тексерілуі мен рұқсат берілген кіргізуді оңтайлы жүйесін ұйымдастыру;

е) лаңкестікке қарсы қорғанысты қамтамасыз ету үшін құрылыстар мен техникалық құралдарды пайдаланудың бірыңғай тәртібін әзірлеу;

ж) пайдаланушы ұйымның, оның ішінде құрылыстың қауіпсіздік қызметінің (қажет болған жағдайда) тиімді құрылымы мен штаттық кестесін әзірлеу.

4.1.11 Құрылыстың маңындағы аумақта өз техникаларын осы аумаққа қоятын келетін іс-қимылдарды орындау бөлімшелерін ескере отырып, ғимараттан эвакуацияланатын адамдардың кедергісіз әрі қауіпсіз бытырауын қамтамасыз ететін орындарды (алаңқайларды, өткелдерді және т. б.) қарастыру қажет.

4.1.12 Инженерік-техникалық қамсыздандырудың мониторинг жүйесі инженерлік жүйелердің жұмыс қабілетінің және құрылысты қалыпты пайдаланудың бұзылуына қауіп төнуінің бақылануын қамтамасыз ету қажет.

4.2 Өрт қауіпсіздігі

4.2.1 Ашық спорт және дене шынықтыру-сауықтыру құрылыстарын жобалау кезінде ҚР ЕЖ 2.02-102 мен осы ережелер жинағының талаптарын орындау қажет.

4.2.2 Ашық спорт құрылыстарының трибуна астындағы кеңістігі бар кез келген сыйымдылықтағы трибуналардың отқа төзімділік дәрежесін екі және одан көп қабаттарға қосалқы үй-жайларды орналастырған уақытта II төмен болмайтындай қабылдау қажет; трибуна астындағы кеңістікке бір қабатты қосалқы үй-жай орналастырылған жағдайда ашық спорт құрылыстары трибуналарының отқа төзімділік дәрежесі нормаланбайды.

4.2.3 Ашық спорт құрылыстары кезінде трибуна астындағы пайдаланылатын кеңестігі жоқ қатарлар саны 20 және одан аз (жалпы сыйымдылыққа қарамастан) трибуналардың, сондай-ақ жердегі еңістерге орналастырылатын трибуналардың көтергіш

конструкциялары үшін жанатын материалдардың қолданылуына жол беріледі. Қатарлар саны 20 асатын трибуналардың көтергіш конструкциялары отқа төзімділік шегі кем дегенде REI 45 жанбайтын материалдардан болуы тиіс.

4.2.4 Эстрада еденінің жанатын жабынына әбден антипирен сіңірілуі керек.

4.2.5 Жанғыш материалдарды сақтауға арналған үй-жайларды отқа төзімділік дәрежесі IIIа, IIIб, IV, IVа және V ашық спорт құрылыстары трибуналарының астына орналастыруға болмайды.

4.2.6 Қабырғалар мен есіктердің отқа төзімділік шегі кем дегенде REI 45 болуы тиіс.

4.2.7 Жанатын материалдарды немесе жанбайтын материалдарды жанбайтын қаптамада сақтауға арналған ашық спорт құрылыстары жанындағы 3000 және одан көп көрермендер сыятын трибуналардың астындағы ауданы 100 м^2 және одан артық қоймалар мен өзге де үй-жайлар өртті сумен сөндіретін автоматты өрт сөндіру құралдарымен жабдықталады.

4.2.8 Ашық спорт құрылыстары трибуналарының баспалдақтарымен эвакуациялау жолдарының еңісі 1:1,6 аспауы керек. Трибуна баспалдағы бойынша эвакуациялау жолының бойына биіктігі кемінде 0,9 м тұтқаларды (немесе оларды алмастыратын құрылғыларды) орнату шартымен еңісті ұлғайтуға, алайда 1:1,4 аспайтындай ұлғайтуға жол беріледі. Шектес қатарлардағы еден белгілерінің айырмашылығы 0,55 м артық болған жағдайда, көруге кедергі келтірмейтін биіктігі кем дегенде 0,7 м болатын қоршау орнатылуы қажет.

4.2.9 Ашық спорт құрылыстарының трибуналарынан көрермендерді эвакуациялау жолдарының ені трибуналардың отқа төзімділік дәрежесіне, эвакуациялау жолының түріне байланысты және эвакуациялау жолының 1 м еніне сәйкес келетін көрермендердің есептік санының ескерілуімен 1-кестеге сәйкес есептеу қажет.

4.2.10 1 эвакуациялау люгына сәйкес келетін эвакуацияланатын көрермендердің жалпы саны, әдеттегідей, трибуналардың отқа төзімділік дәрежесі I-II болған уақытта 1500 адамнан аспау қажет.

Трибуналардың отқа төзімділік дәрежесі III болғанда жоғарыда келтірілген эвакуацияланатын көрермендердің саны 30 %, ал отқа төзімділік дәрежесі бұдан төмен болғанда, 50 % азайтылуы керек.

4.2.11 Эвакуациялау жолдарының ені кем дегенде:

- 1 м – ашық спорт құрылыстарының көлденең өткелдерінің, пандустары мен трибуналарындағы баспалдақтарының;

- 1,5 м – ашық спорт құрылыстарының трибуналарынан эвакуациялау люктарының болуы тиіс.

4.2.12 Ашық спорт құрылыстарындағы көрермендер орындары блоктарының өткелдерінің (баспалдақтарының) немесе трибуналар люктарының есептік ені 2,5 м артық болғанда кем дегенде 0,9 м биіктікте араны бөліп тұратын ұстағыштарды қарастыру қажет. Люктың немесе баспалдақтың есептелген ені 2,5 м дейін болса, ені 2,5 м жоғары люктарды немесе баспалдақтарды орнатуға болады. Алайда бұл кезде араны бөліп тұратын ұстағыштар қарастырылмайды.

1-кесте – Көрермендерді ашық спорт құрылыстарының трибуналарынан эвакуациялау жолдарының енін есептеу

Метрмен

Трибуналардың отқа төзімділік дәрежесі	Ашық спорт құрылыстарының трибуналарынан эвакуациялау жолының 1 м еніне сәйкес келетін көрермендердің есептелген саны, адам			
	эвакуациялау жолы (кем дегенде)			
	трибуна өткелдерінің баспалдақтарымен, апаратын		трибуналар қатарларының бойындағы өткелмен немесе трибуналардың өткелдерінен эвакуациялау кезінде люк арқылы апаратын	
	төмен	жоғары	төмен	жоғары
1	2	3	4	5
I – II	600	825	620	1230
III, IIIа, IIIб және IV	420	580	435	860
V	300	415	310	615

4.2.13 Жертөле және шетжақ қабаттарда, сондай-ақ спорт құрылыстарының трибуна астындағы кеңістігіндегі орналасқан ату галереялары мен тирлардың ату аймақтарының қабырғалары мен төбесін өрт қаупі классы К0 материалдардан орындау қажет.

4.2.14 Қару, оқ-дәрі сақталатын қоймалар және қару шеберханасы қалған үй-жайлардан II-ші типті өртке қарсы қабырғалармен және III-ші типті аражабындармен бөлінеді.

4.2.15 Кез келген сыйымдықтағы спорт құрылыстарының трибуналарындағы отыратын орындықтар үшін оңай тұтанатын және жанатын өнімдердің улылығы бойынша Т4 тобындағы жанғыш материалдарды қолдануға жол берілмейді.

4.3 Инженерлік іздестірулер

4.3.1 Ашық спорт құрылыстарын жобалау үшін инженерлік іздестірулер жүргізу кезінде ҚР ЕЖ 1.02-104 ережесін және қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарын орындау керек.

4.3.2 Құрылыс үшін инженерлік іздестіруге олардың мынадай негізгі түрлері жатады: инженерлік-геодезиялық, инженерлік-геологиялық, инженерлік-гидрометеорологиялық, инженерлік-экологиялық іздестіру, топырақтық құрылыс материалдарын және жерасты суларының базасындағы сумен жабдықтау көздерін іздеу.

4.3.3 Құрылыс үшін инженерлік-геодезиялық іздестіру топография-геодезиялық материалдарды және жергілікті жердің ахуалы мен құрылысы (оның ішінде суағар,

суайдыны мен акваторий түбіндегі) алуды, қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстар (жерүсті, жерасты және жерүстіндегі), кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды салу мен реконструкциялауды жобалау, сондай-ақ инженерлік іздестірулердің басқа да түрлерін орындау үшін қажетті жоспарлау элементтері (цифрлық, кескіндемелік, фотолық және өзге де нысандағы) туралы мәліметтерді алуды қамтамасыз етуі тиіс.

4.3.4 Инженерлік-геодезиялық іздестіру кезінде орындалатын жұмыстарды үш кезеңде: даярлық, дала және камералық кезеңде жүргізу керек.

4.3.5 Инженерлік-геологиялық іздестіру құрылысты, геологиялық құрылымды, геоморфологиялық және гидрогеологиялық жағдайды, топырақ құрамын, жағдайы мен қасиетін, геологиялық және инженерлік-геологиялық процесті, игерілген (салынған) аумақ жағдайының өзгерісін, объектілерді салу мен пайдалануды жобалау үшін қажетті және жеткілікті материалдарды алу мақсатында геологиялық ортасы бар жобаланатын объектілердің өзара әрекет ету саласындағы инженерлік-геологиялық жағдайдың ықтимал өзгерісінің болжамын құрастыруды қоса алғанда, жобаланатын құрылыс ауданының (алаңның, учаскенің, трассаның) инженерлік-геологиялық жағдайын кешенді зерттеуді қамтамасыз етуі тиіс.

4.3.6 Инженерлік-гидрометеорологиялық іздестірулер су деңгейінің көтерілуін, жерасты суы базасындағы сумен жабдықтау көздерін іздестіруді, геокриологиялық зерттеуді, карсты, көшкінді және басқа қауіпті геологиялық процесті зерттеуді болжау үшін инженерлік-геологиялық зерттеулер кешенінде жүргізіледі.

4.4 Көлемдік-жоспарлық шешімдер

4.4.1 Учаске мен аумақты жоспарлау

4.4.1.1 Ашық спорт құрылыстары аумағының жоспарлауы мен көлемдік-жоспарлау шешімдері ҚР ЕЖ 3.01-101, сондай-ақ осы ережелер жинағында белгіленген параметрлерге сәйкес келуі тиіс.

4.4.1.2 Ашық спорт құрылыстары негізгі ашық құрылыстар, трибуналар, жабық павильондар, жасыл желектер, сондай-ақ ашық аумақтар мен әртүрлі мақсаттағы акваторийлер үйлесімімен сипатталады.

4.4.1.3 Павильондардың көлемдік-жоспарлау шешімдері жабық құрылыстар үшін берілген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

4.4.1.4 Ашық жазық дене шынықтыру-спорт құрылыстары орналастырылатын орындар қолданыстағы санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың, сондай-ақ аумақты жоспарлау жөніндегі нормативтік құжаттар талаптарының ескерілуімен таңдалады.

4.4.1.5 Трибуналардағы көрермендерді шуылдан қорғау үшін тұрғын құрылыстарың шекарасынан ашық типті стационарлық трибуналары бар ашық дене шынықтыру-сауықтыру құрылыстарына дейінгі арақашықтық (кем дегенде) қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес қабылдануы тиіс.

4.4.1.6 Спорттық аймақтарда дене шынықтыру-спорт құрылыстары мен жергілікті (жақын және күнделікті) қызмет көрсетудегі дене шынықтыру-сауықтыру мақсатындағы үй-жайлар, сондай-ақ мерзімді қызмет көрсету құрылыстары жобаланады.

4.4.1.7 Күнделікті және жақын қызмет көрсету объектілеріне жататын кварталдың ашық жазық дене шынықтыру-сауықтыру құрылыстарын үй маңындағы аумақтарда жобалау ұсынылады.

4.4.1.8 Жекелеген ашық жазық дене шынықтыру-сауықтыру құрылыстарын және оқшауланған жазық құрылыстарды тұрғын үйлерден:

- дене шынықтыруға арналған алаңқайларға;
- спорт ойындары мен роллерспорт құрылыстарына – 30 м бастап 40 м дейін;
- мүгедектерге арналған құрылыстарға, жеке гимнастикалық жаттығуларға арналған құрылыстарға, балаларға арналған дене шынықтыру-рекреациялық алаңдарға – 20 м аспайтын нормативтік алшақтығын ескере отырып жобалау керек.

4.4.1.9 Балалар мен мүгедектер пайдаланатын құрылыстар үшін тұрғын ғимараттар мен тұрғын ғимараттардың жабық шетжақ жағындағы ашық жазық құрылыстар арасындағы нормативтік арасын 10 м асырмай қысқартуға жол беріледі.

4.4.1.10 Ашық мектеп үй-жайларының терезелерінен доп ойнау және спорттық снарядтарды лақтыру алаңдарына дейінгі ұсынылатын ең аз арақашықтық – кем дегенде 25 м (биіктігі 3 бастап 15 м дейінгі қоршаулар болған жағдайда). Спорттың өзге түрлері үшін бұл арақашықтық 10 м дейін қысқартылады.

4.4.1.11 Мерзімді қызмет көрсетудегі дене шынықтыру-спорт құрылыстарын қоғамдық аймақтарда, тұрғын ауданның, кварталдың (ықшам ауданның) жалпы пайдаланыстағы көгалдандырылған аумақтарда және рекреациялық аймақтарда келесі құрамда жобалаған жөн: ашық жазық дене шынықтыру-спорт және дене шынықтыру-рекреационды құрылыстар, дене шынықтыру-сауықтыру мақсатындағы үй-жайлар, көп қызметті және мақсатты спорт-сауықтыру кешендері мен әртүрлі мақсаттағы ванналар бар бассейндер, спорттық-бос уақытты өткізу орталықтары.

4.4.1.12 Мерзімді қызмет көрсету дене шынықтыру-спорт құрылыстарын (ашық жазық дене шынықтыру-спорт және дене шынықтыру-рекреациялық құрылыстарды) рекреациялық аймақтарда (спорт парктерінде, белсенді демалыс аймақтарында) жобалаған жөн.

4.4.1.13 Қоғамдық және рекреациялық аймақтарда орналасқан ашық спорт құрылыстарының оқшауланған учаскелерінің қоршауы, аумаққа кіретін кем дегенде екі жабыны қатты жол болуы керек.

4.4.1.14 Көпшіліктің сырғанауына арналған сырғанақты құю үшін оқшауланған ашық жазық құрылыстарының (синтетикалық және газонды жабыны бар алаңдар мен алаңқайларды қоспағанда) қыс мезгілінде пайдалану мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

4.4.1.15 Жаттығушылардың қосалқы үй-жайлардан ашық құрылыстардағы жаттығатын орындарға баратын жолдары, әдеттегідей, көрермендер өтетін жолдармен қиыспауы керек.

4.4.1.16 Ашық спорт құрылыстарының трибуналарына кіретін есіктің алдында осы шығатын есікке тиісті бір көрерменге келетіндей кем дегенде 0,5 м^2 есеппен бос алаңқайларды қарастыру қажет.

Көрермендердің спорт құрылысының аумағымен жүретін жолдардың ені 500 көрерменге кем дегенде 1 м есеппен алыну керек.

4.4.1.17 Жаттығушылар мен көрермендер жүретін жолдардың бетіне төселген төсемдер (оның ішінде жауын мен қардың ықпалынан ашық құрылыстарда) тайғақ болмауы тиіс.

4.4.1.18 Жер телімінде газон төселген алаңдардың спорт кешені болған жағдайда оның құрамында дерн өсіруге арналған тәлімбақтың болғанын қарастыру ұсынылады. Тәлімбақтың ауданын бір алаңдағы газ жабынының кем дегенде 15 % ауданы, ал екі және одан көп алаң болса жалпы ауданның кем дегенде 10 % есебінен қабылдау қажет.

4.4.1.19 Ашық спорт құрылыстары кешенінің жер телімінің периметрімен жергілікті арнаудағы көлік жүретін жолдар жақтан ені кем дегенде 5 м және көлік қозғалысы қарқынды жылдамдықтағы магистральдік жолдар жақтан 10 м дейін ағаш және бұта желектерінен жасалған жел мен шаңнан қорғайтын жолақтарды қарастыру қажет.

4.4.1.20 Кешенге кіретін ашық жазық спорт құрылыстарының жекелеген топтарының периметрімен ені 3 м дейін бұталы жасыл желектер жолағын қарастыру қажет.

4.4.1.21 Ашық алаңдар шудан акустикалық экрандармен немесе ені кемінде 10 м жасыл желектер жолақтарымен қорғалуы тиіс.

4.4.1.22 Үлкен ашық құрылыстар мен спорт кешендерінде дене шынықтырумен және спортпен айналысатын негізгі аймақта егер қажет болса, трибуналармен негізгі ашық құрылыстар, сондай-ақ қосалқы үй-жайлар мен дене шынықтырушыларға, бапкерлерге, төрешілер мен көрермендерге арналған аумақтар орналасады.

4.4.1.23 Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын негізгі аймақ құрылыстардың спорт түрлері бойынша топтастыруды (әртүрлі спорт ойындарына арналған алаңқайлар, жеңіл атлетикамен, су спортының түрлерімен айналысуға арналған құрылыстар және т. б.) тамашалауға және оқу-жаттығуға арналған болып бөлінеді.

Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын негізгі аймақ негізгі эвакуациялау жолдарымен, жеке және қалалық көлік тұрақтарымен тікелей байланысты болуы тиіс.

4.4.1.24 Қызмет көрсету аймағында әкімшілік-шаруашылық үй-жайлар, шеберханалар, қоймалар, қазандықтар, шаруашылық аулаларын және т. б. орналастыру ұсынылады.

4.4.1.25 Демалу аймағы оқшауланған көгалдандырылған учаскелерде бола алады. Мұнда кафелер, дүңгіршектер, беседкалар және дене шынықтырушылардың, қызметкерлер мен көрермендердің демалысын қамтамасыз ететін басқа да құрылыстар жабдықталады.

4.4.1.26 Ашық спорт құрылыстарының ішкі коммуникациялар жүйесі басты жаяу жүргіншілер магистралдары мен жекелеген құрылыстарды бір-бірімен және басты эвакуациялау жолдарымен байланыстыруға арналған қосалқы жолдарды қамтиды.

4.4.1.27 Жүктеу мен эвакуациялауды реттеу мақсатында аумаққа кіретін жерлерге (0,2 бастап 0,3 м^2/ад. дейін) және трибуналардың қасына (0,3 бастап 0,5 м^2/ад. дейін) жүктемені азайтатын алаңқайлар жасалады.

4.4.1.28 Ашық спорт құрылысы бас жоспарының композициялық өзегі, әдеттегідей, негізгі құрылыс, ал егер олар бірнешеу болса, олардың арасындағы ең үлкені болып

табылады. Композицияның негізгі осі дене шынықтырушылар мен көрермендер ағынының қозғалысына арналған негізгі магистральдар мен негізгі спорт құрылыстарының бас композициялық осьтері болады.

Ашық спорт құрылыстары бас жоспарының композициялары композицияның бас өзегінің әртүрлі құрылыстарды топтастырудың симметриялы, ассиметриялы және еркін (бейнелі) топтастыру амалдарына негізделеді.

4.4.1.29 Ашық құрылыстардың бас жоспары композициясының еркін амалдары, әдеттегідей, функционалдық талаптарды ландшафтпен, жер бедерімен және басқа жергілікті шарттармен анағұрлым толық үйлестіруге мүмкіндік береді.

4.4.1.30 Ішкі басты магистралдер басталатын негізгі кіреберістер қалалық аялдамалардың және жеке көлік тұрақтарының (бір көрерменге автокөлік тұрағы ауданының 2 $м^2$ дейін) қасына орналастырылады.

4.4.1.31 Ашық спорт құрылыстары бас жоспарының жалпы композициялық шешіміне сол жердің жер бедері елеулі ықпал келтіреді. Жердің табиғи қасиетінің, өсіп тұрған жасал желектердің және табиғи суқоймалардың толыққанды пайдаланылу мәселелеріне, жер жұмыстарының көлемі аз болғанда, үйінділер мен шұңқырлар балансының оңтайлы шешіміне ерекше мән беру қажет.

4.4.1.32 Спорттық ойын түрлеріне арналған алаңдар мен алаңқайларды меридианнан құрылыстың ұзыннан осінен 20º ауытқушылықпен меридианалды бағыттау қажет. Мұндай бағдар жарысатын командалар үшін бірдей жағдайлардың жасалуын қамтамасыз етеді.

4.4.1.33 Секіруге арналған құрылғыларды, спорт құрылғыларын лақтыруға арналған алаңқайларды және түзу жүгіру жолдарын дене шынықтырушылар оларды пайдаланған уақытта беті күнге қарап тұрмайтындай бағыттау қажет. Желден қорғау үшін негізгі ашық құрылыстардың айналасындағы трибуналар мен павильондар дөңгелектеліп орналастырылады және жер бедерінде пайдаланылады.

4.4.1.34 Шағын калиберлі винтовкалардан, сондай-ақ кез келген калибрдегі револьверлер мен пистолеттерден атуға арналған ашық тирлардың учаскелерін тұрғын және қоғамдық ғимараттар мен көпшіліктің демалыс орнынан кем дегенде 2 км қашықтықта, ал жартылай ашық тирларды кем дегенде 300 м; ірі калиберлік винтовкалардан атуға арналған ашық тирлары бар ату орындарын кем дегенде 6 км қашықтықта орналастыру қажет.

4.4.1.35 Ашық тирлар учаскелерінде ірі калиберлік винтовкалардан атуға арналған ұзындық көлемі (ату сызығынан санағанда) (ату бағытымен) кем дегенде 4,5 км және ені (әр жаққа қарай) кем дегенде 0,6 км, ал қалған ату түрлеріне тиісінше кем дегенде 1,5 және 0,25 км қауіпсіздік аймақтарын («ұшы алаңын») қарастыру қажет. Пневматикалық қарудан атуға арналған ашық тирлар учаскелерінде, сондай-ақ шектес орналасқан тирлардың арасындағы ату учаскесінде «ұшу аймақтары» қарастырылмайды.

Ашық тирларда ату бағыты солтүстікке немесе солтүстік шығысқа беттелуі тиіс.

4.4.1.36 Ірі сауда орталықтарының, бекеттердің және көпшілік пайдаланатын басқа да құрылыстардың қасындағы қоғамдық-іскерлік аймақтарды жобалаған уақытта, сондай-ақ спорт құрылыстарының аумағында ролик конькимен, скейтбордпен сырғанауға арналған қатты төсемелі оқшауланған алаңдарды жобалау ұсынылады.

4.4.1.37 Ролик конькимен сырғанауға арналған алаңқайлардың көлемі мен конструкциясы реттелмейді, алайда сырғанауға арналған алаңқайдың ауданы кем дегенде 300 м^2 болып алынады. Алаңқайлардың пішінін дөңгелек немесе тікбұрыш етіп жобалау қажет.

4.4.1.38 Скейтбордпен сырғанауға арналған алаңқайды кемінде 15 м × 15 м (225 м^2) көлемде жобалау керек. Мұндай алаңқайлар:

- мектеп аулалары мен ойын алаңдарында;
- мұз сырғанақтарына арналған алаңдарда;
- қоршалған кеңістікте;
- спорт орталықтарында;
- ашық парктер мен демалыс аймақтарында орналастырылады.

4.4.1.39 Қалалық саябақтар мен орман саябақтарындағы табиғи соқпақ жолдар мен орман жол аяқтарында, сондай-ақ спорт кешендері мен кварталдарда (ықшам аудандарда) «денсаулық жолдары» жобаланады. Трасса ұзындығы, әдеттегідей, 900 бастап 3000 м дейін, ені кем дегенде 1,5 м болып жобаланады.

4.4.1.40 Велосипед жолдарынан басқа, қалалық елді мекендердің көше-жол желісінің құрамында рекреациялық аймақта: қала саябақтары мен орман саябақтарында, спорт кешендерінде велосипед жолдары жобаланады

4.4.1.41 Велосипед жолдарының ұзындығы реттелмейді және жергілікті шарттарға сәйкес белгіленеді. Екі жақты қозғалыс үшін велосипед жолының ені кем дегенде 1 м болуы тиіс.

4.4.1.42 Волейболға арналған алаңқайлардың периметрімен (немесе жоқ дегенде оның беткі сызығының бойымен) қоршаулар, оның ішінде ағаш-бұталы қоршауларды орнатқан жөн. Қоршау жергілікті жағдайлармен белгіленеді. Стационарлық трибуналар жақтан қоршау қарастырылмайды.

4.4.1.43 «Қалалар» белгіленген алаңқайдың артынан учаскенің бүкіл шетжақ бөлігінің бойымен кем дегенде 7 м қашықтықта биіктігі кем дегенде 0,5 м білік орнатылады. Оның артынан биттер мен қалашықтарды ұстап қалуға арналған биіктігі кем дегенде 3 м қоршау орнатылады. Учаскенің шетінен және артынан қақпасы бар биіктігі шамамен 1 м кедергі орнату ұсынылады.

4.4.1.44 Теннис алаңқайының периметрімен доптарды ұстап қалуға арналған торлы қоршама (3 см × 3 см аспайтын ұяшығы бар металл болғаны абзал) орнатылады.

4.4.1.45 Теннис алаңқайының (немесе осы алаңқайлар тобының) қоршауын алаңқайдың бұрышанан шет-шеттегі сызықтардың бойымен және биіктігі кем дегенде 3 м шетжақтарда кем дегенде 6 м ұзындықта, ал қалған тұстарда бүйір қабырғадағы сызықтардың бойымен кем дегенде 1 м қарастыру қажет. Алаңқайлар шектесіп орналасқан жағдайда алаңқайлардың арасына шет-шеттен қоршау орнатылмайды.

4.4.1.46 Шетжақтан қоршауға қошқыл түсті фондар бекітіледі немесе қоршап тұрған тордың артынан немесе үстімен өсіп жатқан жасыл желектер пайдаланылады. Қоршап тұрған тордың бір бөлігін немесе торды түгел бір мезгілде фон мен жаттығу қабырғасының қызметін атқаратын жабық дарбазаға (қабырғаға) алмастыруға жол беріледі.

4.4.1.47 Үстел теннисіне арналған алаңқайдың шетжақтарында матадан жасалған қошқыл түсті фондарды қарастыру немесе желден қорғанысты қамтамасыз ететін жасыл желектерді пайдалану қажет.

4.4.1.48 Үстелдер бірнешеу болғанда немесе егер алаңқай ұсынылатын өлшемнен асса, шекарамен биіктігі кем дегенде 0,6 м арадағы кедергілерді қарастыру қажет.

4.4.2 Шаңғы базалары

4.4.2.1 Жазық жермен немесе таулардан көпшілік сырғанауға арналған шаңғы базаларын елді мекендердің саябақ аймақтарында немесе қала маңындағы аймақта орналастыру қажет.

4.4.2.2 Трассалардың төмен түсетін жерінің ені тік учаскелерде кем дегенде 4 м, бұрылысы бар учаскелерде (вираждарда) – кем дегенде 6 м болуы тиіс.

4.4.2.3 Барлық старттар мен мәрелер шаңғы базасына жақын ғимараттан бастап 300 м қашықтықтағы бір ашық учаскеде орналастырылуы тиіс.

4.4.2.4 Тау шаңғысы трассалары мен көпшіліктің таудан сырғанауына арналған учаскелер солтүстік және солтүстік шығыс қойнауларында таңдалуы қажет.

4.4.2.5 Көпшілік сырғанауға арналған учаскелер еңісі 25 % аспауы тиіс; жылдамдықпен түсу үшін трасса кем дегенде 500 м қашықтықта старттан бастап, 40º бастап 45º дейін біркелкі еңіс болуы тиіс. Слалом мен слалом-гигант үшін трассаның кем дегенде 25 % ұзындығы кем дегенде 30º еңіс болуы керек.

4.4.2.6 Тау шаңғысы трассаларының старттарына 0,6 м қоршау бар ұзындығы кем дегенде 4 м және ені 3 м болатын көлденең старт алаңқайлары жасалуы тиіс. Слалом-гиганттың, жылдамдықпен түсудің және арнайы жылдамдықпен түсудің старт алаңқайларында биіктігі кем дегенде 2 м желден қорғайтын экрандар қарастырылу қажет.

4.4.2.7 Шаңғы базаларының өткізу қабілетін төмендегідей алу қажет:

- жарыс үшін – бір мезгілде жаттығатындардың белгіленген саны бойынша;
- тау спорты үшін – жылдамдықпен және арнайы жылдамдықпен түсуге арналған (әр адамға бір трассадан) бір ауысымда 30 адамға дейін; слалом-гигантқа арналған (екі трассадан құралған кешен) бір ауысымда 60 адамға дейін есеппен жобаланатын трассалардың бір мезгілдегі өткізу қабілетінің жиыны бойынша ;
- трамплиннен шаңғымен секіру үшін – секірудің 20 м және одан кем есептік ұзындығымен трамплинге бір ауысымда 20 адамға дейін; секірудің 50 м есептік ұзындығымен трамплинге бір ауысымда 30 адамға дейін есеппен базаның құрамына кіретін трамплиндердің бір мезгілдегі өткізу қабілетінің жиыны бойынша. Секірудің есептелген ұзындығының аралық мәндері кезінде –интерполяция бойынша.

4.4.2.8 Көпшіліктің сырғанауына арналған шаңғы базаларының өткізу қабілетін төмендегідей алу қажет:

- жазық жерде – бір мезгілде сырғанап жүрген адамдардың берілген саны бойынша;
- таудан – ауысымда сырғанап жүрген бір адам үшін дайындалған баурайдың кем дегенде 100 м^2 есебімен.

4.4.2.9 Тау шаңғысы трассаларының старт алаңқайларының ауданында стартты күтіп отырған тау шаңғышылар, төрешілер, медициналық және таудағы құтқару қызметінің

кезекші қызметкерлері үшін жауын-шашын мен желден қорғайтын ық қарастыруға жол беріледі. Жергілікті жағдайларға байланысты ықтың орнына ауданы 12 $м^2$ дейін жететін жылытылатын павильон қарастыруға болады. Медициналық және таудағы құтқару қызметінің кезекші қызметкерлеріне арналған үй-жайлардың (паналардың) әрқайсысы 6 $м^2$ ауданда қарастырылады.

4.4.2.10 Слалом мен слалом-гигант үшін алаңқайдың ұзындығы мен ені кем дегенде 50 м, жылдамдықпен төмен түсу алаңқайы үшін ұзындығы кем дегенде 150 м және ені 120 м, ал арнайы жылдамдықпен төмен түсу алаңқайы үшін ұзындығы кем дегенде 300 м және ені кем дегенде 100 м болуы тиіс. Контркөлбеу болған жағдайда, алаңқайдың ұзындығын қысқартуға болады.

4.4.2.11 Биатлонға арналған тирдағы әрбір ату кешенінің ені 2,5 м, тереңдігі - 2,8 м болып алыну қажет. Объекті қалақандарының арасындағы ара-қашықтық кем дегенде 1,5 м болу керек. Ату орындарының саны жоблау тапсырмасымен айқындалады.

Тир старттан кем дегенде 4 км және мәреден кем дегенде 2 км қашықтықта орналасуы керек.

4.4.2.12 Шаңғы жарысы, биатлон және тау спорты (арнайы жылдамдықпен түсу трассаларынан басқа) жарыстарына арналған трассалар мәресінде трассаға, мәреге қараған, ал тау спорты түрлері үшін аялдау алаңқайына да қараған әйнектелген ойықтары бар ауданы 30 $м^2$ жететін павильон жасау қажет.

4.4.2.13 Есептелген секіру ұзындығы 50 м артық трамплиндерді жобалау, ал есептелген секіру ұзындығы 20 метрден 50 метрге дейін болғанда, жобаланатын трамплиндердің параметрлері келісілуі керек.

4.4.2.14 Трамплиннен секіруге арналған шаңғы базасының құрамында есептелген секіру ұзындығы кем дегенде 15 м екі және одан көп трамплиннің жасалуын қарастыру қажет.

Есептелген секіру ұзындығы мен шаңғы базасының құрамына кіретін трамплиндер саны жобалау тапсырмасында белгіленеді.

4.4.2.15 Жобаланатын трамплиннің бейіні тау баурайына (жоспарлауының ескерілуімен) толықтай сәйкес келмеген жағдайда, трамплин бейінінің бір бөлігі эстакадаға орналастырылады.

4.4.2.16 Есептелген секіру ұзындығы 50 м және одан артық тау шаңғысы трассалары мен трамплиндерінде старт алаңқайлары бар, шаңғышыларды тасымалдауға арналған көтергі құрылғылар, ал трамплиндерде болса, оның үстіне қарды трамплин төсеміне көтеруге арналған механикаландырылған құрылғылар қарастырылуы тиіс.

4.4.2.17 Шанамен жылдамдықпен түсуге арналған трасса солтүстік баурай арқылы өтіп, техникалық қызмет көрсету үшін ыңғайлы болу және 8 % бастап 11 % дейін еңіс болуы тиіс.

Трассаның старттан мәреге дейінгі ең кішкентай ұзындығы кем дегенде 700 м құрауы тиіс.

4.4.2.18 Шаңғы базасының ғимаратын көтергі құрылғылардан 300 м аспайтын және спорт трамплиндерінен 100 м аспайтын қашықтыққа орналастыру қажет.

4.4.2.19 Жарыс өткізуге арналған шаңғы базаларында көрермендерге арналған стационарлық орындар қарастыруға жол беріледі.

4.4.3 Оқ ату тирлары

4.4.3.1 Тирлардың ауысымдағы өткізу қабілеті ату орындарының берілген саны бойынша алынады.

4.4.3.2 Тирлардың ату түрі мен дене шынықтыру ұжымдарының бастапқы ұйымдарына мен аудандық спорт клубтарына арналған, сонымен қатар ату алаңының құрамы мен ату орындарының құрамына кіретін қолданылатын қарудың ату мен калибрінің мақсатын Д.1-кестеге сәйкес қабылдау қажет.

4.4.3.3 Ату галереясының жекелеген элементтерінің өлшемдерін ату түрі мен аралыққа байланысты Д.2-кестеге сәйкес алу қажет. Ату галереясының жалпы ені (оқ ату сызығының ұзындығы) ату орындарының қабылданған санына сәйкес белгіленеді.

4.4.3.4 Есептелген ату аралығы – оқпен ату сызығы мен нысана сызығы арасындағы арақашықтық. Ол алдыңғы шетінен ішке қарай 0,5 м кіріңкі болуы тиіс ату орындарының еденінде белгіленуі тиіс перпендикуляр өтетін оқпен ату сызығының бағыты бойынша алынады.

4.4.3.5 Жердегі біліктердің өлшемі мен орналасымы ашық тирларда Д.3-кестеге сәйкес алынуы тиіс.

4.4.3.6 Жабық және жартылай ашық тирлардың оқ ату аймақтарын қоршап тұратын конструкциялардың талап етілетін қалыңдығын міндетті Д.4-кестені басшылыққа ала отырып айқындау қажет.

4.4.3.7 Ашық және жартылай ашық тирларда еденнің беті ату аралығы 25 және 50 м, ату аралығынан 0,8 бастап 1,3 м дейін болса, оқ ату ату аймағының бетінен 0,3 бастап 0,6 м дейін жоғары болуы тиіс.

4.4.3.8 Ату аймағының қоршау конструкциясының ішкі бетінде 0,3 м асатын шығыңқы жерлер мен қуыстарды орнатуға жол берілмейді.

4.4.3.9 Ату орындарының еденінен ату галереясының төбесінің (қалқаның) шығыңқы конструкцияларына дейінгі биіктікті төмендегідей алу қажет:

- кем дегенде 3,3 м – ірі калиберлік және шағын калиберлік қарудан атуға арналған тирларда;
- кем дегенде 2,7 м – пневматикалық қарудан атуға арналған тирларда.

Жабық және жартылай жабық тирлардың ату аймағының биіктігін (соңғы жағдайда – көлденең жатқан іліп әкетулер астына дейін) кем дегенде 2,5 м етіп алу қажет.

Кіріктірме тирларда (оның ішінде жертөле үй-жайларында орналасқан) ату орындарының биіктігін 2,4 м дейін, ал оқ ату аймағының биіктігін 2,1 м дейін азайтуға жол беріледі.

4.4.3.10 Бөлек тұрған ашық және кіріктірме жабық тирларды (оның ішінде жертөле үй-жайларында орналасқан) тек шағын калиберлік және пневматикалық қарудан ату үшін жобалауға болады.

4.4.3.11 Ату тирларында 50 м және одан артық аралыққа нысаналардың бойына нысана қондырғыларына қызмет көрсететін адамдарды оқтан қорғау үшін блиндаждар жасалуы керек.

4.4.3.12 Шағын калиберлік винтовкадағы қозғалыстағы «жүгіріп бара жатқан қабан» нысанасына жылдамдықпен оқ тигізу үшін екі блиндаж бен арасында шұңқыр бар жамылғы жасалады.

4.4.3.13 Ату орындарының құрамына кіретін бұрылатын пішінді нысаналарды жылдамдықпен ату үшін (ату қашықтығы 25 м) блиндаждарды жабық тирларда жасауға жол беріледі.

4.4.3.14 Тирлардағы биатлон трассаларында блиндаждарды, әдеттегідей, тек республикалық және одан жоғары ауқымдағы жаттығуларға арналатын шаңғы базаларына орнату қажет.

4.4.3.15 Блиндаждар мен жамылғылар:

- тирларда – толықтай тереңдетілген;

- ашық және жартылай ашық тирларда – орналасқан орынның жағдайларына және оқ ату сызығы.

4.4.3.16 Нысана артындағы кеңістікте нысана қалқандарынан 1,2 бастап 3 м дейінгі қашықтықта оқтарды қабылдайтын құрылғылардың (оқ қармауыштар) және тирдың шетжақ қабырғасын рикошетке қарсы көмкеру құрылғысының орнатылуын қарастыру қажет. Жердегі оқ қабылдау біліктері бар ашық және жартылай ашық тирларда оқ қармауыштар мен рикошетке қарсы көмкерулер қарастырылмайды.

4.4.4 Есу базалары

4.4.4.1 Ескек есудің әрбір түрі үшін әртүрлі класты қайық саны ескек есу спортының түрі (түрлері) бойынша база мақсатына байланысты кемінде бір жиынтықты құрауы тиіс.

4.4.4.2 Есу каналдарының өлшемдері мен аралықтары 2-кестеде көрсетілген.

4.4.4.3 Жаттығуға арналған трассалары бар еркін конфигурациядағы табиғи қоймалардағы жаттығу акваторийлерінің ұзындығы кем дегенде 200 - 300 м түзу жолды учаскелері және оларды байланыстырып тұратын қисық сызықты трасса учаскелері болуы тиіс. Спорттық разрядтары жоғары спортшылар жаттығуы үшін акваторийлердің өлшемі мен конфигурациясы экипаждардың 10 км және одан артық қашықтыққа тоқтаусыз қозғалатындығына есептелуі тиіс.

4.4.4.4 Стандартты аралық кем дегенде 108 м құрайды.

4.4.4.5 Жаттығу аралығы ең таяз жерде - кем дегенде 1,5 м болуы тиіс.

4.4.4.6 Қайық кешендерінің құрамын келесідей алу қажет, кем дегенде:

- академиялық есу үшін - 44 қойық, соның ішінде жалғыз адамды қайықтар - 7, жұп екі адамды қайық - 6, бағытты басқарып отыратын адам жоқ ашылмалы екі адамдық қайық - 7, бағытты басқарып отыратын адам бар ашылмалы екі адамдық қайық - 3, бағытты басқарып отыратын адам жоқ төрт адамды қайық - 3, бағытты басқарып отыратын адам жоқ жұп төрт адамды қайық - 3, бағытты басқарып отыратын адам жоқ ашылмалы төрт адамды қайық - 2, бағытты басқарып отыратын адам бар ашылмалы төрт адамды қайық - 9 және сегіз адамды қайық - 4;

- байдаркалар мен каноэде есу үшін - 40 қайық, соның ішінде байдаркалар - жалғыз адамды - 16, байдаркалар – екі адамды - 6, байдарклар – төрт адамды - 4, каноэ - жалғыз адамды -8, каноэ – екі адамды - 4, көп орынды каноэ - 2;

- су жағасында есу үшін - 48 қайық, соның ішінде жалғыз адамды қайықтар - 12, екі адамды - 12, бағытты басқарып отыратын адам бар жұп төрт адамды - 12, бағытты басқарып отыратын адам бар ашылмалы төрт адамды -12;

- халықтық есу үшін - 24 қайық, соның ішінде жалғыз адамды қайықтар - 12, бағытты басқарып отыратын адам бар екі адамды - 12.

2-кесте – Суқоймаларындағы есу каналдары мен есу аралықтарын жобалауға және салуға қойылатын талаптар

Жарыс жолдарының саны	Ұзындығы (м)			Ені (м)				Тереңдігі (м)		
	бастап	дейін	айналма каналдың	жол (м)	шеткі жол (м)	жалпы	айналма каналдың	жарыс арнасының	айналма каналдағы судың	жағаның көлбеу бұрышы
8	2172	2222	Аралық бағытына параллель	13,5	27 × 2	162	65	3,5	2,5	1:6
8	2172	2222		13,5	13,5 × 2	135	-	3,5	-	1:4
6	2172	2222		13,5	13,5 × 2	108	-	3	-	1:3
6	2172	2222		13,5	13,5 × 2	108	-	2,5	-	-

4.4.4.7 Базалардың өткізу қабілетін (қайықтардың бір жиынтығына) есу спортына арналған базаның арнауына байланысты кем дегенде төмендегідей алу қажет:

- академиялық есу үшін – ауысымда 140 адам;
- байдаркалар мен каноэде есу үшін – ауысымда 64 адам;
- халықтық есу үшін – ауысымда 44 адам.

Әмбебап базаларда өткізу қабілеті әр есу түрі бойынша өткізу қабілетінің жиынтығымен анықталады.

4.4.4.8 Негізгі және қосалқы үй-жайлар тізіміне мыналарды енгізу ұсынылады:

- есу кемелері сақталатын эллингтерді;
- академиялық және су жағасындағы есу жаттығуларына арналған есу бассейнін;
- баскетбол алаңы бар ойын залын;
- жалпы дене шынықтыру дайындығына арналған тренажерлық залды;
- академиялық және су жағасындағы есуге арналған арнаулы эргометрлері бар тренажерлық залды;
- күш дайындығы (штангалар) залдарын;
- қалпына келтіру және медициналық орталықты;
- киім ауыстыратын бөлмелерді;
- душтар мен дәретханаларды;
- оқу-әдістемелік кабинеттерді;
- қызметкерлерге арналған кабинеттерді;

- спортшылардың демалуына арналған бөлмелерді;
- тамақтануға арналған үй-жайды;
- қайық жөндеу шеберханасын;
- гаражды;
- қоғамдық көлікке арналған тұрақты;
- жеке көлікке арналған тұрақты.

4.4.4.9 Есу бассейнінің өткізу қабілеті күніне 120 бастап 180 адамға дейін болғанда, академиялық және су жағасындағы есуге арналған бассейннің көлемі биіктігі 4,2 м болғанда кем дегенде 21 м × 15 м болуы тиіс.

4.4.4.10 Есу бассейні бір жақты, екі жақты және айналмалы болуы мүмкін. Бассейн жобаға қарамастан келесі міндетті шарттарға сай келуі тиіс:

- ескекшілердің жұмыс орындарының астындағы су циркуляциялану үшін арнайы ішкі канал болу керек;
- жұмыс суының көлемі шамамен ішкі каналдағы судың көлеміне тең келуі керек;
- жұп та, ашылмалы да ескектермен есу мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс;
- бассейннің сыртқы қабырғасында пайда болған толқындарды басатын арнайы канал болу қажет;
- ескекшілердің орындарына тірек болатын қабырғаның беті сыртқа қарай еңкейтілуі тиіс;
- ескек қалағының ұшынан бассейннің қабырғасына дейінгі ең аз қашықтық 30 см болу керек.

4.4.4.11 Ойын баскетбол залы есу базасы ғимаратының ішінде болуы, (30 м × 18 м × 7 м) типтік өлшемдерге және баскетбол ойнауға арналған залды жабдықтау мен қауіпсіздігі бойынша ережелерге сәйкес болуы тиіс.

4.4.4.12 Жалпы дене шынықтыру дайындығына арналған тренажерлық залдың ұзындығы үй-жайдың биіктігі 6 м болған жағдайда кем дегенде 21 м, ал ені 12 м болу тиіс.

4.4.4.13 Академиялық және су жағасында есуге арналған арнаулы эргометрлері бар тренажерлық залдың ұзындығы үй-жайдың биіктігі 6 м болған жағдайда кем дегенде 16 м және ені кем дегенде 6 м болу тиіс. Үй-жай жақсы желдетілетін немесе бапталатын болу керек.

4.4.4.14 Жыл бойы әрекет ету базасында кемінде биіктігі 3 м және көлемі базаның өткізу қабілеті бір ауысымда 180 және одан көп адам болған кезде кемінде 18 м × 9 м; базаның өткізу қабілеті бір ауысымда 120 бастап 180 адамға дейін болған кезде кемінде 12 м × 9 м; базаның және маусымдық әрекеттегі базалардағы ең төмен өткізу қабілеті кемінде 9 м × 6 м болған кезде күш даярлығы бойынша топтық сабақтар үшін үй-жай қарастыру керек.

4.4.4.15 Медициналық орталық (кабинеттер) ескек есу спорт түрі үшін спорттық кешенді құрылыстар ғимаратында эллинг аймағының қасында орналасу керек. Қалған ғимараттарда ауданы кем дегенде 12 м^2 болатын алғашқы медициналық көмек көрсетілетін үй-жайды ғана қарастыру қажет.

Медициналық орталықта:

- ауданы 12 бастап 15 м^2 дейін күту бөлмесі;
- оқшаулауға арналған екі бөлме (төрт төсек) 12 бастап 15 м^2 дейін;

- дәрігердің кабинеті– 10 бастап 15 м^2 дейін;
- шұғыл зертхана кабинеті;
- душ;
- дәретхана;
- үнемі беріліп тұратын ыстық және суық су болуы тиіс.

4.4.4.16 Зертханаға арналған үй-жай (допинг-бақылау жасалатын) спорт құрылысының негізгі ғимаратында эллингтер аймағында болуы және онда мыналар болуы тиіс:

- бір дәрігерге арналған ауданы кем дегенде 10 м^2 үй-жай;
- дәрігердің бөлмесімен шектесіп жатқан екі бөлек дәретхана (ыстық және суық суы, құйылыс тесігі, сүлгісі мен сабыны бар);
- ауданы 10 бастап 12 м^2 дейін допинг тапсыруға арналған бөлме;
- ыңғайлы креслолар мен теледидар, сараптау бөлмесі мен дәретханаларға тікелей баруға болатын ауданы кем дегенде 50 м^2 үлкен күту бөлмесі болу керек.

4.4.4.17 Физиотерапияға арналған үй-жай медициналық орталықта орналасып, ортасы ширмалармен бөлінген ауданы кем дегенде 10 м^2 дәрігердің кабинетінен, ауданы кем дегенде 20 м^2 физиопроцедура бөлмесінен тұрады.

4.4.4.18 Спортшыларға массаж жасауға арналған үй-жайлар ауданы кем дегенде 20 м^2 үш бөлмеден тұрады. Екеуі ерлерге, біреуі әйелдерге арналған.

4.4.4.19 Ескек есу спорт түріне арналған спорт құрылысындағы душтар мен дәретханалардың саны келесідей болу қажет:

- ерлерге арналған кем дегенде 15 душ және әйелдерге арналған 10 душ;
- кем дегенде 20 дәретхана, 15 писсуар және ерлерге арналған 15 раковина мен әйелдерге арналған 20 раковина.

4.4.4.20 Спорт құрылысында спортшылардың теориялық сабақтарына және төрешілер жиналысы бапкерлеріне арналған мультимедиялық проектормен, үстелдермен және орындықтармен жабдықталған, әрқайсысының ауданы кем дегенде 25 м^2 екі кабинет болуы тиіс.

4.4.4.21 Қызметкерлерге арналған кабинеттер басқарушы және қызмет көрсетуші қызметкерлерге арналған үй-жайлардан тұруы керек:

- директордың кабинеті (100 қызметкер болған кезде және ауданы 24 м^2 көп, аз болғанда – 12 бастап 18 м^2 дейін);
- директор орынбасарының (бас инженердің) кабинеті;
- қабылдау бөлмесі;
- ауданы 10 бастап 12 м^2 дейін бас бухгалтердің кабинеті;
- ауданы 14 бастап 16 м^2 дейін бухгалтерия қызметкерлерінің кабинеті;
- ауданы 12 бастап 14 м^2 дейін оқу-спорт бөлімінің қызметкерлеріне арналған екі кабинет;
- ауданы 9 бастап 12 м^2 дейін академиялық есу бойынша бапкерлерге арналған кабинет;
- ауданы 72 бастап 96 м^2 дейін конференц-зал, өрт сөндіру постысының үй-жайы;
- күзет жұмыскерлеріне арналған үй-жай;

- кезекші матрос-құтқарушыларға арналған үй-жай;

- комендантқа арналған пәтер.

4.4.4.22 Спортшылардың демалуына арналған бөлмелер екі адамның тұруына есептелген болу, ыстық сумен қамтамасыз етілу, ішінде душ, дәретхана, раковина болуы тиіс.

4.4.4.23 Жаттығушылар мен көрермендердің сырт киіміне арналған киім сақтайтын бөлменің ауданы бір орынға 0,1 м^2, бірақ кем дегенде 10 м^2 есеппен анықталады.

4.4.4.24 Клубтарға кіре берісте ауданы 4 бастап 6 м^2 дейін тіркеу орнымен, бөлек тұғырмен немесе келушілер автоматты түрде тіркелетін турникеттермен жабдықталған жаттығушылар мен көрермендерге арналған вестибюль болуы тиіс.

4.4.4.25 Шаңғы, шаңғы роллерлер, ролик конькилер, велосипедтер, есу қайықтары прокатқа берілетін үй-жай ортақ желіге қосылған компьютермен жабдықталған эллингтердің бірінде болады.

4.4.4.26 Техникалық үй-жайларға:

- есу базасының жабдықтары мен құрылғыларын жөндеу шеберханалары;

- төсек-орын мен спорт заттарын жуатын, кептіретін және үтіктейтін үй-жай. Бөлмелер кіру жуу, кір үтіктеу машиналарымен және үтіктеу тақталарымен жабдықталуы қажет.

- қосымша спорт құрылғыларын сақтауға арналған қоймалар;

- жанар-жағармай, лактау-сырлау материалдары, әртүрлі жинақтауыштар және т. б. сақталатын қойма;

- қайықтарды тасымалдауға арналған автокөлік базасының гараждары;

- күзетшілердің үй-жайы;

- құтқару және өртке қарсы құралдарды сақтау үшін ауданы кем дегенде 10 м^2 болатын бөлек үй-жай бөліну тиіс. Бұл жерден база акваториясына жақсы көрініс ашылуы тиіс;

- моторлы катерлерге арналған жанармай құю бекеті;

- моторлы катерлерді сақтауға арналған док кіреді.

4.4.4.27 Су жағасындағы бөлікте акваторийдің өзінде қосымша ваннасының көлемі кем дегенде 25 м × 11 м немесе 25 м × 8,5 м жүзу бассейнін жасауға жол берілмейді.

4.4.4.28 Қайықтарды ретке келтіруге және тексеруге арналған алаңқайы бар эллинг (эллингтер) айлақтардың маңайына орналастырылып, келесі өлшемде (қайықтың бір жиынтығына) болуы тиіс. Кем дегенде:

- академиялық есу үшін – эллинг 27 м × 18 м, алаң 42 м × 18 м;

- байдаркалар мен каноэде есу үшін – эллинг 20 м ×6 м, алаң 26 м × 6 м;

- халықтық есу үшін – эллинг 14 м × 6 м, алаң 17 м × 6 м.

4.4.4.29 Байдаркалар мен каноэде есуге және халықтық есуге арналған эллингтердің биіктігін (төбенің шығыңқы конструкциясының астына дейін) кем дегенде 3 м, ал академиялық есу үшін кем дегенде 4,2 м етіп алу қажет.

4.4.4.30 Жарыс (екі командаға арналған) өткізуге арналған базаларға қайықтарды уақытша орналстыру үшін ашық алаң көлемін кемінде төмендегідей қабылдау керек:

- академиялық есу үшін – 54 м × 6 м немесе 2 × (27 м × 6 м);
- байдаркалар мен каноэде есу үшін – 36 м × 3 м немесе 2 × (18 м × 3 м);
- халықтық есу үшін – 20 м × 6 м немесе 3 × (10 м × 6 м) болуы тиіс.

4.4.4.31 Тұрақты және уақытша құрылыстарды қоса алғанда, эллингтердің жалпы ауданы кемінде 2000 м^2 болу керек.

4.4.4.32 Ландшафт жазық немесе судың шетіне қарай 10º аспайтын еңісі болуы тиіс.

4.4.4.33 Эллингтерге арналған қақпаларды кем дегенде 2 м (2,5 м) × 2,5 м (3 м) көлемде жалюзи сияқты жылжымалы етіп жасау ұсынылады.

4.4.4.34 Спорт құрылысында қайықтарды тасымалдауға арналған трейлер мен тартқыш сақталатын ауданы кемінде 50 м^2 гараж болу керек.

4.4.4.35 Трибуналар мен көрермендерге қызмет көрсетуге арналған орын дистанцияның тек қана бір жағында немесе екі жағында да болуы мүмкін. Ескек есу спорт түріне арналған спорт құрылыстарының әртүрлі санаттары үшін трибуналар тұрақты немесе уақытша болуы мүмкін.

4.4.4.36 Базаның ауысымдағы өткізу қабілеті 120 адамнан 180 адамға дейін болған жағдайда академиялық есуге арналған бассейн залының көлемін кем дегенде 21 м × 15 м, биіктігін 4,2 м, ал байдаркалар мен каноэде есу үшін кем дегенде 15 м × 9 м, биіктігін 3 м етіп қабылдау керек. Өткізу қабілеті жоғары болған жағдайда, қосымша академиялық есуге арналған көлемі кем дегенде 15 м × 15 м, биіктігі 4,2 м және байдаркалар мен каноэде есуге арналған көлемі кем дегенде 15 м × 9 м, биіктігі 3 м зал қарастыру қажет.

4.4.4.37 Тек халықтық есуге мамандандырылған жұмысы маусымдық базаларда үй-жайлардың орнына үстінде қалқасы бар, көлемі дәл сондай ашық алаң қарастыру қажет.

4.4.5 Халықтың дене шынықтыру-сауықтыру жаттығуларына арналған құрылыстар

4.4.5.1 Кешенді алаңқайдың және оның жекелеген элементтерінің ең шағын көлемін 3-кестеге сәйкес алу қажет.

4.4.5.2 10 бастап 14 жасқа дейінгі балаларға арналған кедергілер жолағының ең төменгі ұзындығы – 40 м, ені – 7 м; 14 жастан асқан балаларға және ересектерге арналған кедергілер жолағының ұзындығы – 70 м, ені, әдеттегідей, 14 м (бірақ кем дегенде 7 м). Жолақты түзу емес, үзік сызықтың бойымен орналастыруға болады.

3-кесте – Кешенді алаңның және оның жекелеген элементтерінің ең кіші көлемі

Жаттығушылардың жас мөлшеріне қарай құралған тобы	Кешенді алаң элементтері*			
	қозғалыс ойындары мен жалпы дамыту жаттығуларына арналған алаңқай, $м^2$	жүгіру жолының тұйықталған жиегі		
		ұзындығы, м		ені, м
		жалпы	оның ішінде түзу учаске	
7 бастап 10 жасқа дейінгі балаларға арналған	50	60	кем дегенде 15	1,2
10 асқан және 14 жасқа дейінгі балаларға арналған	100	150	кем дегенде 30	1,5
14 асқан балаларға және ересектерге арналған	250	200	кем дегенде 60	2

*Учаскенің жергілікті жағдайларына (учаскенің конфигурациясы және т. б.) сәйкес кешенді алаңның элементтері бір ортақ учаскеге орналастырады немесе тұрғын үйлер тобы алып жатқан аумақтың шегінде бөлек орналастырылады.

4.4.5.3 Дене шынықтыру-сауықтыру жаттығуларына арналған ашық жазық құрылыстарының көкжиек жақтарына қарауы тиіс бағыты реттелмейді.

4.4.6 Көрермендерге арналған орындар

4.4.6.1 Жарыстарды көрермендердің қатысуымен өткізуге арналған құрылыстарда, әдеттегідей, отыруға немесе тұруға (соңғысында жаттығуларды қыс мезгілінде өткізуге арналған құрылыстарда ғана) арналған трибуналар түріндегі орындарды қарастыру қажет.

4.4.6.2 Көрермендерге арналған трибуналарды, әдеттегідей, ареналардың ұзыннан бойына орналастыру қажет; трибуналардың аренаның шетжақтарына орналастырылуы келесі жағдайларда қарастырылады:

- егер берілген көрермендер орны нормаланатын қашықтық шегінде орналастырыла алмаса, Ж қосымшаға сәйкес аренаның ұзыннан бойындағы жағындағы трибуналарда;
- ашық спорт ядроларының (ареналардың) немесе футбол алаңдарының қасына периметралды трибуналарды орнату қажет болғанда;
- төбесі жабық құрылыстарда ұзыннан бойлай жаққа орналастыру зал аралығының орынсыз ұлғайып кетуіне әкеп соқтырады.

4.4.6.3 Спорттық-көрсетілім және спорттық-ойын-сауық залдары мен жабық сырғанақтарда аренаны азырақ аумақты қажет ететін спорт түрлеріне немесе мәдени-ойын-сауық және қоғамдық шаралар үшін пайдаланған уақытта аренадағы көрермендер арналған уақытша орындардың орналастырылуын қарастыруға жол беріледі.

4.4.6.4 Шаңғылардағы және есу базаларындағы, сондай-ақ ату тирларындағы көрермендерге арналған стационарлы орындарды, әдеттегідей, республикалық көлемнен төмен болмайтын жарыстарға арналған құрылыстарда қарастыруға жол беріледі.

4.4.6.5 Трибуналардағы отыру орындарының көлемін келесідей алу қажет:

- ашық құрылыстарға арналған қатардың тереңдігі 0,75 бастап 0,8 м дейін, жабық құрылыстар үшін 0,8 бастап 0,9 м дейін. Уақытша орындарды (оның ішінде бличерлерді) жобалаған кезде қатардың тереңдігін ашық құрылыстарда 0,7 м дейін және жабық құрылыстарда 0,75 м дейін азайтуға жол беріледі;
- ашық құрылыстар үшін отыруға арналған орынның енін (қатардың бойымен) кем дегенде 0,42 м, жабық құрылыстар үшін – кем дегенде 0,45 м;
- ашық құрылыстарға арналған отырғыштың тереңдігін – кем дегенде 0,3 м, жабық құрылыстар үшін – кем дегенде 0,4 м. Уақытша орындарды жобалаған уақытта отырғыш тереңдігін 0,35 м дейін азайтуға жол беріледі;
- отырғыштың өткел едені деңгейінен биіктігі – кем дегенде 0,43 м.

4.4.6.6 Трибунаның шектесіп жатқан қатарларындағы еден деңгейінің айырмашылығы 0,3 м артық болғанда, шектесетін қатарда еденнен кем дегенде 0,12 м жоғары орналасқан арқалықтар жасауды қарастыру қажет.

4.4.6.7 Трибуналардағы тұруға арналған орындардағы әр қатардың тереңдігін кем дегенде 0,45 м және енін (қатардың бойымен) кем дегенде 0,5 м етіп алу қажет.

4.4.6.8 Республикалық және одан жоғары ауқымдағы жарыстарға арналған ашық және жабық спорттық-көрсету және спорттық-ойын-сауық құрылыстарының стационарлық трибуналарында баспасөз өкілдеріне арналған орындарды (баспасөз ложасы) қарастыру қажет. Жеңіл атлетикаға арналған спорттық-көрсетілім құрылыстарындағы (ұзындығы 400 м айналып жүгіру жолы бар ашық спорт аренасы немесе ұзындығы 200 м айналып жүгіру жолы бар зал) стационарлы трибуналарда жүгіру арақашықтығының мәресі орналасқан жерге орналастырылатын төрешілерге арналған орын (төрешілер ложасын) қарастыру қажет.

Ложалардағы орындардың саны жобалау тапсырмасымен белгіленеді.

4.4.6.9 Трибуналардағы көрермендер орындарын орналастыруды Ж қосымшасы бойынша қабылдау керек.

4.4.6.10 Биіктігі кем дегенде 1,2 м қоршауды ашық спорт құрылыстары трибуналарының шетжақтары мен үстінде, сондай-ақ егер олар үстіңгі жағынан немесе шетжағынан залдың қабырғасымен түйіспесе, жабық құрылыстардағы трибуналардың қасында қарастыру қажет.

4.4.6.11 Трибуна қатарларының тұруға арналған өткелдерінің бойымен бірінші қатардың алдына және кем дегенде әрбір 5 - 6 қатар сайын орнатылатын қоршаудың жасалуын қарастыру қажет.

4.4.7 Ойын алаңдары мен алаңқайлары

4.4.7.1 Спорт ойындарын өткізу үшін ойын алаңдарының келесі түрлері жасалады: футбол, регби, көк көгалдағы хоккей, бейсбол және т. б. алаңдар. Олардың негізі сипаттамалары 4-кестеде келтірілген.

4-кесте – Ойын алаңдарының негізгі сипаттамалары

Метрмен

<table>
<tr><th rowspan="3">Спорт түрі</th><th colspan="6">Алаңның жоспарлық көлемі</th></tr>
<tr><th colspan="2">ойын алаңы</th><th colspan="2">қауіпсіздік аймағы</th><th colspan="2">құрылыс көлемі</th></tr>
<tr><th>ұзындығы</th><th>ені</th><th>алдыңғы жағы</th><th>бүйір жағы</th><th>ұзындығы</th><th>ені</th></tr>
<tr><td>Бейсбол</td><td>120</td><td>120</td><td>-</td><td>-</td><td colspan="2">10 000 м^2</td></tr>
<tr><td>Гольф</td><td colspan="3">1 ұяшыққа ойын жолының ұзындығы – 130 бастап 150 м дейін, ені 40 бастап 50 м дейін</td><td colspan="3">9 ұяшық – 25 га
18 ұяшық – 50 га</td></tr>
<tr><td>Регби (әуесқойлар, кәсіпқойлар)</td><td>107 бастап 132 дейін</td><td>66 бастап 68, 87 дейін</td><td>-</td><td>-</td><td>120</td><td>72</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Футбол</td><td>90 бастап, 110 дейін</td><td>60 бастап, 75 дейін</td><td rowspan="2">48</td><td rowspan="2">24</td><td rowspan="2">120</td><td rowspan="2">80</td></tr>
<tr><td>105</td><td>68</td></tr>
<tr><td>Көгалдағы хоккей</td><td>91,4</td><td>55</td><td>4 бастап 8 дейін</td><td>3 бастап 5 дейін</td><td>99,4</td><td>61</td></tr>
</table>

4.4.7.2 Қақпасы бар спорт ойындарына (регби, футбол, көгалдағы хоккей және т. б.) арналған алаңдарды солтүстік-оңтүстік бағытындағы ұзыннан осьтермен бағдарлау қажет. 20° аспайтын кез келген жаққа ауытқуға жол беріледі. Бейсбол алаңын батыстан шығысқа қарай бағыттау қажет.

4.4.7.3 Спорт құрылыстарының құрамында бір түрдегі бірнеше спорт алаңы болған жағдайда, осы алаңдардың үштен бірден аспайтын бөлігін шығыс-батыс бағытында бағдарлауға жол беріледі.

4.4.7.4 Футбол алаңы тікбұрыш болуы және ол бүйір сызықтармен және қақпа сызықтарымен шектелуі тиіс.

4.4.7.5 Спорт ядросы мен футбол алаңдарына қарағанда ойын алаңдары мен алаңқайларын баспаналардың, конфигурациясы мен бедері әртүрлі учаскелердің қасына орнатуға рұқсат беріледі.

4.4.7.6 Ойынға арналған негізгі алаң жаттығушылар үшін қауіпті кедергілер немесе заттар жоқ, ойын түріне байланысты ені 0,8 бастап 8 м дейінгі қауіпсіздік аймақтарымен (жүгірумен) қоршалуы тиіс.

4.4.7.7 Алаңқайларды жыл бойы пайдалану үшін қыс мезгілінде ол жерге сырғанақ жасауға рұқсат беріледі.

4.4.7.8 Спорттық-технологиялық сапасы бойынша газонды және синтетикалық жабындарды таңдаған жөн.

4.4.7.9 Спорт ойындарының анағұрлым танымал түрлері үшін ойын алаңдары мен алаңқайларының ұсынылатын көлемі мен конфигурациясы Г.1 - Г.12-суреттерде келтірілген.

4.4.8 Қосалқы үй-жайлар

4.4.8.1 Дене шынықтыру-спорт құрылыстарын жобалаған уақытта қосалқы үй-жайларға арналған нысандарды:

- кіру тобының үй-жайларын (киім сақтайтын орын, вестибюль, вестибюльдің санитарлық торабы);
- санитарлық-гигиеналық мақсаттағы және жаттығушылардың демалысына арналған үй-жайларды;
- тамақтану үй-жайларын;
- нұсқаушыларға арналған үй-жайларды;
- әдістемелік мақсаттағы үй-жайларды;
- медициналық мақсаттағы үй-жайларды;
- әкімшілік-шаруашылық мақсаттағы және қызметкерлерге тұрмыстық қызмет көрсету үй-жайларды;
- техникалық үй-жайларды қарастыру қажет.

4.4.8.2 Буфеттердегі орындар санын келесідей алу қажет:

а) ауысымда жаттығып жатқан 8 адамға бір отыратын орын есебімен шаңғы базаларында (көпшіліктің сырғанауға арналғанын қоспағанда) және ашық жазық құрылыстарда (өткізу қабілеті 75 бастап 125 адамға дейін болғанда);

- ауысымда жаттығып жатқан 12 адамға бір отыратын орын есебімен есу базаларында, ату орындарында және ашық жазық құрылыстарда (өткізу қабілеті 125 адамнан артық болғанда);

б) біржолғы өткізу қабілеті 5% есеппен конькимен және шаңғымен көпшіліктің сырғанауына арналған келушілер үшін;

в) көрермендер үшін – бір отыру орнына 35 адам есебінен.

4.4.8.3 Көрермендерге арналған буфеттерде зал тұрып тамақтануға арналған кафетерий үстелдерімен жабдықталуы тиіс.

4.4.8.4 Буфеттердің ауданы келесі есептерге қарай айқындалады, кем дегенде:

а) конькимен және шаңғымен көпшілікті сырғанаққа келушілер мен сырғанаушылар үшін:

- үлестіру орны бар залдың ауданы – саны 8 дейін жеткенде отыратын орынға 3,4 м^2 және 8 артық әрбір отыратын орынға 1,25 м^2;
- саны 8 дейін жеткенде залдағы отыру орнына қосалқы үй-жайлардың ауданы - 2,25 м^2 және залдағы отыру орны 8 артық болғанда әрқайсысына 0,25 м^2;

б) көрермендер үшін:

- үлестіру орны бар залдың ауданы – залдағы бір орынға 1,4 м^2;
- қосалқы үй-жайлардың ауданы – зал ауданының 30 %.

4.4.8.5 Көрермендерге арналған буфеттер трибунадағы анағұрлым қашық орыннан 150 м алыс орналаспауы керек.

4.4.8.6 Ішіне мейрамханалар, кафе, дәмханалар орналастыру арқылы халықтың демалуына арналған спорт кешендерінің аумағын пайдаланған уақытта олардың сыйымдылығы спорт құрылыстары буфеттерінің есебіне кірмейді.

4.4.8.7 Құрамында ашық және жабық спорт құрылыстары бар кешендерде және екі және одан көп залы бар спорт кешендерінде медициналық қызметкерлерге арналған үй-жайлар, әдеттегідей, бүкіл кешен (корпус) үшін ортақ болып қарастырылады.

4.4.8.8 Медициналық-қалпына келтіру орталығын ауысымдағы өткізу қабілеті 150 адам және одан артық жыл бойы жұмыс істейтін құрылыстарда қарастыруға жол беріледі (ауысымдағы өткізу қабілеті 100 адам және одан артық болғанда күреске, боксқа, ауыр атлетика мен футболға арналған құрылыстарда). Бұл жағдайда жыл бойы жұмыс істейтін ашық құрылыстардың өткізу қабілеті конькимен көпшіліктің сырғанауын ескермей айқындалады.

4.4.8.9 Ашық жазық спорт құрылыстарында жаттығушыларға арналған қосалқы құрылыстары бар ғимараттарды анағұрлым алшақ алаңқайдан (алаңнан) 300 м аспайтын аралыққа орналастыру қажет.

4.4.8.10 Ашық жазық спорт құрылыстарында көрермендерге арналған санитарлық тораптар трибунадағы анағұрлым алшақ орналасқан орыннан 150 м аспайтын жерге орналастырылуы керек.

4.4.8.11 Маусымдық ашық сырғанақтардағы жаттығушыларға арналған киім ауыстыратын жерлер, әдеттегідей, бірінші қабатқа орналастырылуы тиіс. Бірінші қабаттан басқа қабатқа орналастыру қажет болған жағдайда, 1:10 аспайтын көлбеумен пандус арқылы сырғанақпен байланыс орнатуға жол беріледі.

4.4.8.12 Шаңғы базаларының қосалқы үй-жайларының құрамында (К.1-кестеде келтірілген үй-жайлардан басқа) К.2-кестеге сәйкес қосымша үй-жайларды қарастыру қажет.

4.4.8.13 Қосалқы үй-жайларды шаңғы базасының ғимаратына орналастыру керек. Ол:

- шаңғы жарысы мен биатлон қашықтығының старт пен мәре алаңқайынан немесе шаңғы трассаларының көтергі құрылғыларынан 200 м;

- жақын тұрған трамплиннен 100 м, бірақ кешеннің анағұрлым қашық трамплинінен 300 м аспауы тиіс.

4.4.8.14 База ғимаратына орналастырылатын санитарлық тораптардың сырғанаушылар вестибюль-грелкадан, көрермендер көшеден кіретін және шығатын есіктер болуы тиіс. Көрермендерге арналған санитарлық тораптарды трибунадан анағұрлым қашық орналасқан орыннан 150 м аспайтындай қашықтықтағы бөлек ғимаратқа орналастыруға жол беріледі.

4.4.8.15 Спорттық тау шаңғысы трассалары мен трамплиндері (есептік секіру ұзындығы кем дегенде 20 м) старттарының қасына жаттығатындарға арналған әрқайсысы 1-2 санитарлық торапқа қосымша санитарлық тораптар қарастырылу керек; трамплиннің старт алаңқайы эстакада орналасқан жағдайда, санитарлық тораптар старт алаңқайына баратын баспалдақтың (лифттің) астына орналастырылуы керек.

4.4.8.16 Шаңғыларды алу мен тапсыру үшін үй-жай ені (саңылаулардың алдыңғы жағына перпендикуляр) кем дегенде 3 м болуы тиіс.

4.4.8.17 Шаңғы алып-тапсыратын үй-жайдан далаға шығатын (кіретін) жердің алдына ауданы шаңғы алып-тапсыратын үй-жайдың ауданымен бірдей шаңғыларды дайындауға арналған қалқа (веранда) қарастырылуы керек (К.2-кесте). Қосалқы үй-жайлардың құрамы мен ауданы К.1-кестеде келтірілген.

4.4.8.1 Оқ атуға арналған тирлардың қосалқы үй-жайлары

4.4.8.1.1 Қосалқы үй-жайлар құрамындағы тирлар мен ату орындарына (К.1-кестеде келтірілген үй-жайлардан басқа) К.3-кестеге сәйкес қосымша үй-жайлар қарастыру керек.

4.4.8.1.2 Тирлар мен ату орындарында буфеттер жаттығушылар мен көрермендер үшін ортақ болып қарастырылады.

4.4.8.1.3 Негізгі ғимараттан 50 м алшақ орналасқан ашық тирлар (немесе ашық тирлар тобы) жанындағы ату орындарында жаттығушылар мен көрермендерге ортақ 1-2 унитаз бар қосымша санитарлық тораптар қарастырылуы тиіс.

4.4.8.2 Есу базаларының қосалқы үй-жайлары

4.4.8.2.1 Эллингтен басқа, есу базаларының қосалқы үй-жайлары эллингтен 200 м асырылмай орналасуы немесе онымен бірге біріктірілуі тиіс бөлек тұрған ғимаратта орналастырылуы тиіс.

4.4.8.2.2 Есу базаларында К.1-кестеде келтірілген үй-жайлардан басқа) қосымша ауданы кем дегенде 10 м^2 болатын, база акваториясына көрініс ашылатын кезекші матрос-құтқарушылар мен моторист-катер жүргізушілеріне арналған үй-жайды қарастыру қажет. Қайықтарды ретке келтіруге және тексеруге арналған алаңқайда кезекші боцманға арналған ауданы кем дегенде 4 м^2 жаздық будка қарастырылуы керек.

4.4.8.3 Халықтың дене шынықтыру-сауықтыру жаттығуларына арналған құрылыстардың қосалқы үй-жайлары

4.4.8.3.1 Ықшам ауданда орналасатын дене шынықтыру-сауықтыру жаттығуларына арналған ашық жазы құрылыстардың жанында тек жаттығушыларға арналған санитарлық тораптар мен жақын орналасқан ғимараттарда орналасатын тасымалды жабдықтар мен құрылғыларға арналған қоймаларды ғана қарастыруға жол беріледі (Г.8-сурет).

4.4.8.3.2 Көпшіліктің сырғанауына арналған шаңғы базаларының қосалқы үй-жайларының құрамы мен ауданы (К.1-кестеде келтірілгендерден басқа) К.2-кестеге сәйкес алыну қажет.

4.4.8.3.3 Төрешілер мен баспасөз өкілдеріне арналған үй-жайларды стационарлық трибуналар бар шаңғы және есу базаларының ғимараттарында, сонымен қатар кем дегенде республикалық көлемдегі жарыстарға арналған ату орындарында қарастыруға жол беріледі.

4.4.9 Стадиондар

4.4.9.1 Көрермендерге арналған трибуналары бар стадионның спорт аренасы стадионның негізгі құрылысы болып табылады (Г.11-сурет).

4.4.9.2 Трибуналарының сыйымдылығы бойынша стадиондар ірі – көрермендерге арналған орын саны 40 бастап 100 мыңға дейін, орташа - 10 бастап 40 мыңға дейін және шағын - 10 мың адамға дейін болып бөлінеді.

4.4.9.3 Конструктивтік амалы бойынша трибуналар жерде орналасатын, тірек конструкцияларындағы және құрама трибуналар болып бөлінеді.

4.4.9.4 Трибуналардың астына орналастырылатын қосалқы үй-жайлар бес функционалдық топқа бөлінеді:

- I топ – бүкіл құрылыс немесе кешен үшін ортақ үй-жайлар (вестибюль, вестибюль-сырғанақ грелкасы, кассалық вестибюль, буфеттер);
- II топ – көрермендерге қызмет көрсетуге арналған үй-жайлар (айналма галереялар, буфеттер, санитарлық тораптар);
- III топ – жаттығушыларға қызмет көрсетуге арналған үй-жайлар (шешінетін бөлмелер, құрал-жабдықтар тұратын орын, бапкерлер мен нұсқаушылардың бөлмелері, демалу бөлмесі, әдістемелік кабинеттер, медициналық қызмет көрсету бөлмесі, қысқы спорт түрлеріне арналған үй-жайлар);
- IV топ – жарыстарға қызмет көрсетуге арналған үй-жайлар (төрешілердің, төрешілер алқасының, баспасөз-бюросының бөлмелері);
- V топ – құрылыстарды пайдалануға арналған үй-жайлар (әкімшілік бөлмелері, қоймалар, спорттық және тазалауға арналған құрал-жабдықтар, қоймалар, техникалық, тұрмыстық.

4.4.9.5 Жобада топ пен спорт ядросының арасындағы өзара байланыс қарастырылады. I топ барлық үй-жайлармен еркін байланыстырылуы тиіс. II топ көрермендердің трибуналарға және спортшылардың спорт ядросына баратын жолдарды бөлген кезде тікелей көрермендерге арналған орындармен байланыстырылу тиіс. Ш және IV топтар спорт ядросына түйісіп, өзара байланыстырылуы тиіс. V топ нақты жоспарлауға қарай еркін орналастырылады.

4.4.9.6 Спорт ядросына арналған қосалқы үй-жайлардың құрамы мен ауданын оның нормативтік біржолғы өткізу қабілетіне байланысты жазда 120 адам; қыста 650 адам; көрермендер үшін – трибуналардың жобалық сыйымдылығына қарай алу; ашық алаңқайлар мен залдар үшін көлеміне, санына және бір жолғы өткізу қабілетіне (БӨҚ) қарай және стадионнан қашықтығын ескере отырып қабылдау ұсынылады.

4.4.9.7 Көру шарты бойынша орын саны 3,5 бастап 10 мыңға дейін жететін трибуналарды бір жақты; 7,5 бастап 10 мыңға дейінгілерді бір жақты екі жақты; 15 мыңдық орындарды екі жақты; сыйымдылығы 15 мың және одан артық стадиондар үшін үш және төрт жақты орналастырған дұрыс.

4.4.9.8 Қатарлар санына байланысты бір жақты түзу трибуналардың астына спорт ядросына арналған қосалқы үй-жайларды (қыста және жазда жаттығуға арналған), ал қатарлар саны 30 және одан көп болса – биіктігі 4 - 6 м спорт залдарын, көрермендерге арналған үй-жайлар мен айналма галереяларды орналастыруға жол беріледі (Ж қосымша).

4.4.9.9 Екі, үш, төрт жақты (шеңберлі) трибуналардың астына бірінші қабатқа бір жақтан қыста және жазда спорт ядросында жаттығатындарға арнап қосалқы үй-жайларды орналастырған, ал қалған аумақты 1-ші қабатта – спорт ядросының қасында орналасқан ашық алаңқайларға қызмет көрсететін үй-жайлар, әкімшілік үй-жайлар, арнайы негіздің жасалуын талап ететін залдар үшін пайдаланған жөн.

Мұндай жағдайда екінші және үшінші қабаттарға көрермендерге арналған галереялар мен үй-жайларды, қосалқы үй-жайлары бар спорт залдарын, сондай-ақ ілеспе үй-жайларды орналастыру керек.

4.4.9.10 Көрермендерге қызмет көрсету үй-жайы стадионға кіретін есік деңгейінде де, әртүрлі қабаттарға да – көрермендер өтетін жолдардың бойына да орналастырылады.

4.4.9.11 Төрешілерге, журналистерге, комментаторларға арналған үй-жайлар басты трибунаға орналастырылады. Комментатор кабиналары – трибунаның немесе үстіңгі орта тұсына, немесе күнқағардың астындағы аспалы алаңқайға орналастырылады.

4.4.9.12 Журналистер мен комментаторларға қызмет көрсететін үй-жайларды трибуна астындағы кеңістікке, кабиналарға түйісіп тұрған қабаттарға; 1000 адам сыйатын кездесулер мен баспасөз-конференцияларына арналған залдарды, киім сақтайтын орындарды, арнайы кафетерийлерді орналастыру қажет.

Дәл осы аймаққа құрметті қонақтарға арналған үй-жайлар орналастырылады.

4.4.10 Спорт ядросы және спорт ареналары

4.4.10.1 Спорт ядросы орталық аренаның негізгі спорт құрылысы болады немесе оқу-жаттығу сабақтарын өткізу үшін бөлек (трибуналарсыз) орналастырылады.

4.4.10.2 Спорт ядросының құрамына айналмалы (400 м) және түзу (130 м) жеңіл атлетикалық жолдарды, ядро итеруге, секіруге және снаряд лақтыруға арналған екі, үш немесе төрт секторды, ойын алаңын және Г.12-суретке сәйкес су толтырылған шұңқырмен жабдықталған кедергілерден жүгіру жолдарын кіргізу керек.

4.4.10.3 Жүгіру жолының сыртқы және ішкі жақтарынан ені кем дегенде 1,0 м болатын қауіпсіздік аймағын қарастыру қажет.

4.4.10.4 Спорт ядросының сыртқы периметрі бойынша биіктігі 0,5 м бастап, 0,8 м дейін қоршау жоспарлану тиіс.

4.4.10.5 ФИФА талаптарына сәйкес футбол алаңының өлшемі 105 м × 68 м немесе 110 м × 75 м болуы тиіс.

4.4.10.6 Көгал жабынның көлемі (периметрде қабырғадан қабырғаға дейін) 120 м × 80 м болуы тиіс.

4.4.10.7 Жасанды төсем түрін, төсемнің конструкциясы мен алаңқалайларға (алаңдарға) жиналған суды бұру жүйесін Е, Л, М қосымшаларға сәйкес таңдау қажет.

4.4.10.8 Спорт ядросы дренажының құрылғысын Н.1-суретке сәйкес қабылдау ұсынылады.

4.4.10.9 Суды үстіңгі бетке бөлуді дренаждық құбырдың көмегімен жүргізу ұсынылады.

4.4.10.10 Жер жұмыстарының трибуналарын сазды топырақта орналастырған кезде оған қалыңдығы 10 бастап 15 см дейінгі ірі түйіршікті құм қабаты, ал оның жоғарғы жағына – темірбетон жабын төселеді. Су ағар үшін кемінде 3 % көлбеу еңіс орнатылады.

4.4.10.11 Секторлардағы жазық құрылыстардың беткі көлбеулері А.1-кестеге сәйкес орналастырылады.

4.4.11 Қазақтың ұлттық және ат спортының түрлері

4.4.11.1 «Көкпар» үшін ойын алаңының параметін былай қабылдау керек: ұзындығы 200 м, ені 80 м, екі «Мәре салым» (Қазандық) арасындағы қашықтық 120 м, орталықтан «Мәре салым» (Қазандық) дейінгі қашықтық 60 м, «Мәре салым» (Қазандық) бастап, ось бойынша сыртқы сызыққа дейінгі қашықтық 40 м, (П.1-сурет).

4.4.11.2 Айып аймағы «Мәре салым» (Қазандық) 20 м қашықтықта басталу керек, орталық және айып шеңберлерінің көлемі айып аймағының қасында 8 м радиуста.

4.4.11.3 Радиусы 1,5 м кіші шеңберден арақашықтық ешкінің тұтас еті болған жерден жиектегі сызыққа дейін перпендикуляр арқылы 15 м (П.2-сурет)

4.4.11.4 Спорттық-жүгіру ат спорты түрі «Аламан бәйге» - 25 км, «Тоқ бәйге» - 16 км, «Құнан бәйге» - 7 км, «Жорға жарыс» – 7 км қашықтықта өткізіледі.

4.4.11.5 Ат шабатын алаң айналасына қоршауды 1,2 бастап 1,5 метрге дейінгі биіктікте орнатады. Кіретін қапаның алдына 3 - 5 жылқы тұратын алаңқай жасалуы тиіс.

4.4.11.6 Шеңбердің ат шабатын жолдарының беткі қабатын құм, сазбалшық және қиыршықтас қоспасынан жасау қажет. Жолдың ені – 20 бастап 25 метрге дейін, ұзындығы 1200 бастап 1500 метрге дейін. Бұрылыстар радиусы кем дегенде 100 м (П.3-сурет).

4.4.11.7 «Саят» ойыны үшін алаң параметрін былай қабылдау керек: ұзындығы 1000 м, ені 500 м.

4.4.11.8 Ат спорты кешенін орналастыруға арналған жер телімінің көлемі құрылыстың қуаттылығын, бір мезгілде қабылданатын келушілер саны мен жергілікті жағдайларды ескере отырып жобалауға берілген тапсырмамен анықталады.

Ат спорты кешенін орналастыруға арналған алаңқай көгалдандырылған және көркейтілген болуы тиіс.

4.4.11.9 Ат спорты кешенінің ғимараттары мен құрылыстарының номенклатурасы, үй-жайлар құрамы және оларға қойылатын технологиялық талаптар түріне және жобалау тапсырмасына сәйкес айқындалады.

4.4.11.10 Ат спорты бойынша жарыстарды П.4-суретке сәйкес қарастыру қажет.

4.5 Ғимараттардың конструктивтік шешімдері және құрылыс конструкцияларын есептеу әдістері

4.5.1 Ашық спорт құрылыстарын, оның ішінде сейсмикалық аудандарда, сондай-ақ тас шаңғысы трассаларында жобалаған және салған кезде, көтергіш конструкциялар есебі мен ылдилардың орнықтылығын Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттар ережелерін ескере отырып жүргізу керек.

Темірбетон, болат және ағаш конструкцияларды жобалаған уақытта қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес олардың ұзақ уақыт қызмет етуін қамтамасыз ететін шараларды қарастыру қажет.

4.5.2 Ылғалдың, төмен және жоғары температураның, агрессивті ортаның және басқа да қолайсыз факторлардың ықтимал әсеріне төзімді материалдардан жасалған конструкциялар мен бөлшектерді пайдаланған жөн.

4.5.3 Негіздер мен іргетастар мыналардың негізінде жобалануы тиіс:

а) ҚР ЕЖ 5.01-102, ҚР ЕЖ 2.03-101 ережелеріне және қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестік;

б) құрылыс үшін инженерлік-геодезиялық, инженерлік-геологиялық және инженерлік-гидрометеорологиялық іздестірулер нәтижесінде;

в) құрылыстың мақсатын, конструктивтік және технологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын мәліметтер, іргетасқа қолданылатын жүктемелер мен оны пайдалану шартына;

г) топырақтың берік және деформациялық сипаттамаларын барынша толық пайдалануды қамтамасыз ететін нұсқаны қабылдау үшін шешімнің ықтимал нұсқаларын техника-экономикалық салыстыру және материалдардың, іргетастардың немесе басқа да жерасты конструкцияларының физика-механикалық қасиеттері.

4.5.4 Сортаңданған топырақпен бітелген негіздер мыналарды қамтамасыз ететін олардың ерекшеліктерін ескере отырып жобалануы тиіс:

- ұзақ сүзгілеген кезде судың жиналуын және суффизиялық шөгіннің тұздарын сілтісіздендіруді;
- оның беріктік сипаттамасын төмендетумен қатар жүретін топырақтың физика-механикалық қасиетінің тұздарын сілтісіздендіру барысындағы өзгерісті;
- топырақты сулаған кезде оның ісінуін немесе шөгуін;
- топырақтағы тұздарды еріту есебінен жерасты конструкцияларының материалдарына жер асты суының жоғары агрессивтілігін.

4.5.5 Ғимараттардың конструкциялары мен негіздеріне келесі жүктемелердің ықпал келтіруі қандай әсер беретінін есептеу қажет:

а) көтергіш және қоршау конструкцияларының өз салмағынан үнемі келтірілетін жүктеме;

б) осы құрылыс ауданына келтірілетін қар жүктемесі;

в) осы құрылыс ауданына келтірілетін жел жүктемесі;

г) осы құрылыс ауданындағы қауіпті геофизикалық әсерлер.

Жүктемелердің қолайсыз үйлесімін немесе оларға сәйкес келетін түсірілетін күшті, конструкциялардың майысуы мен қозғалып кетуінің шекті мәндерін, сонымен қатар жүктеме бойынша сенімділік коэффициенттерін ескеретін атап өтілген жүктемелердің нормативтік мәндері қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қабылданады.

4.5.6 Темірбетон конструкцияларды стадиондар трибуналарының және трибуна асты кеңістіктерінің, көрсету залдарының, бассейндердің, қосалқы үй-жайларды көтергіш қаңқаларының негізіне алу және шағын және орташа аралықтарын жабу үшін залдардың,

бассейндердің, күнқағарлардың және т. б. көтергіш және қоршау конструкциялары ретінде пайдалану ұсынылады.

4.5.7 Ашық стадиондардың трибуналарын тура жерде немесе арнайы конструкцияларда отырғыштар орнатуға болады.

4.5.8 Жердегі трибуналарды табиғи немесе үйілген сазбалшықты немесе құмды топырақ үстінде жасауға болады. Оларды топырақ сулар терең жерлерге ғана жасаған жөн.

4.5.9 Жердегі трибуналарды құмды топыраққа (табиғи немесе таза құмнан шайылған) орналастырған кезде темірбетон жабын тура құмның үстіне төселеді.

4.5.10 Трибуналардың көтергіш қаңқасын ұстындардан, көлденең беларқалардан, аражабындар мен үстінен трибуналардың адырлары төселетін көлбеу беларқалардың көтергіш плиталарынан тұратын құрама темірбетоннан жобалау ұсынылады.

4.5.11 Трибуна астындағы кеңістікті атмосфералық жауын-шашыннан қорғау үшін жаппа гидрооқшаулау жасау ұсынылады.

4.5.12 Трибуналар монолитті болса, құрама элементтер түйіскен жерлердің арасын жабу қажет болмайды.

4.6 Инженерлік желілер мен жүйелерді жобалау

4.6.1 Сумен қамту және канализация

4.6.1.1 Елді мекендерде орталықтандырылған сумен қамту болмаған жағдайда, суы қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес жергілікті су көздерін пайдалану қажет.

4.6.1.2 Канализация жоқ аудандарда құрамы мен тазалау дәрежесі жергілікті санитарлық қадағалау органдарымен келісілуі тиіс жергілікті тазалау құрылыстарын қарастыру қажет; жұмысы маусымдық сипаттағы есу базаларында канализациялық ағынға арналған ассенизациялық машиналар көмегімен босатылатын су жинайтын резервуарларды орнатуға жол беріледі. Су жинайтын резервуарлар сыйымдылығы техника-экономикалық есеппен анықталады.

4.6.1.3 Тау шаңғысы трассаларының старттары мен трамплиндердің старт алаңқайларында сумен қамтуды суды бекітіліп жабылған ыдыстармен жеткізіп, тек ауыз су мақсатында қарастыруға болады.

Шұңқырлары бар сыртқы санитарлық тораптарды:

- ату орындарының құрамына кіретін тирлардың ату галереяларының қасына;
- бөлек тұрған ашық тирлар қасына;
- ашық жазық құрылыстардың (оның ішінде көрермендерге арналған 300-ге дейінгі орны бар) қасына;
- спорттық тау шаңғысы трассаларының старттары мен трамплиндердің старт алаңқайларының қасына жасауға болады.

4.6.1.4 Ашық жазық құрылыстар мен аумақты суару үшін, сондай-ақ маусымдық сырғанақтарға мұз жасау үшін ауыз су емес сападағы су көздерін пайдалануға жол беріледі.

4.6.1.5 Маусымдық сипаттағы есу базаларының орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталуы әдетте, қарастырылмайды. Бұл жағдайда буфеттің қажеттілігі үшін ыстық су дайындау үшін электрлік су жылытқыштар қарастырылуы тиіс.

4.6.1.6 Жазғы уақытта өзге спорт түрлері үшін пайдаланылмайтын шаңғы базаларында жеке қазандықтардың қасына ыстық судың тек жылу берілу маусымында ғана қарастыруға болады.

4.6.1.7 Технологиялық қажеттілікке ыстық су сырғанақтардағы мұздың бетін дайындау үшін, буфеттер үшін және тиісті нормативтік-техникалық құжаттарда қарастырылған басқа да мұқтаждықтар үшін берілуі тиіс.

4.6.1.8 Тәуліктік және ең жоғары сағаттық шығымды есептеу кезінде ауысым санын, ұзақтығын және Р.3-кестеде көрсетілген судың қосымша шығымын ескеру қажет.

4.6.1.9 Ашық спорт құрылыстарының трибуналары үшін өртті гидранттар арқылы сырттан сөндіру үшін жұмсалатын судың шығымын кем дегенде келесідей алу қажет:

- 15 л/с – трибуналар сыйымдылығы 5 бастап 10 мың адамға дейін болғанда;
- 20 л/с – трибуналар сыйымдылығы 10 бастап 20 мың адамға дейін болғанда;
- 25 л/с - трибуналар сыйымдылығы 20 мың адамнан артық болғанда.

4.6.1.10 Ыстық судың шығымын Р.4-кестеде көрсетілген шығымдардың ескерілуімен ҚР ЕЖ 4.01-101 талаптарына сәйкес айқындау қажет.

4.6.1.11 Суық және ыстық су тартылған диаметрі 50 мм су ағатын шөлмектерді жылытылатын үй-жайларға орнатып, келесідей орналастыру қажет:

- автоцистерналарға немесе мұзға күтім жасайтын басқа да машиналарға ыстық су құю үшін маусымдық сырғанақтардың мұзына шығатын жақын жерлерге;
- мұзға күтім жасайтын басқа да машиналар тұратын үй-жайға;
- қызмет көрсету радиусы 30 м аспайтын жабық сырғанақтарда мұз жасауға арналған мұз алаңының айналасына;

4.6.1.12 Жаз мезгілінде пайдаланылатын ашық жазық құрылыстарға, сондай-ақ спорт құрылыстары мен дерн өсірілетін тәлімбақтың аумағына су шашуға арналған суару су құбырының сыртқы желісін су шығатын жерге қарай еңкейтіп (желіні қыс мезгілінде ажырату үшін) 0,5 м дейінгі тереңдіктен жүргізу қажет.

4.6.1.13 Диаметрі 25 мм су құю шөлмектері қызмет көрсету радиусы 30 м аспайтын гидранттар 50 м есеппен орналастырылуы керек.

4.6.1.14 Есу базаларында қайықтар ретке келтіріліп, тексерілетін алаңқайларға (әдеттегідей, эллингтердің әр қақпасының қасында) тек жаз мезгілінде пайдаланылатын диаметрі 25 мм суару шөлмектерінің орнатылуын қарастыру қажет.

4.6.1.15 20 және одан көп қатары бар ашық спорт құрылыстары трибуналарының үстіне қосымша арасы 50 м аспайтын қашықтыққа диаметрі 25 мм шөлмектердің орнатылуымен трибуналарды жуу үшін су ағу желісінің жасалуын қарастыру қажет.

4.6.1.16 Шаңғымен секіруге арналған трамплиндердің жасанды төсемдеріне жылдамдық алу тауы мен қону тауы төсемінің бойына төселетін су құбыры желісіне 20 м сайын орнатылатын суару шөлмектерінен су құю қажет. Желінің төменгі нүктесінде оны қыста босату үшін түсіру құрылғылары қарастырылуы тиіс.

4.6.2 Жылыту және желдету

4.6.2.1 Ашық спорт құрылыстарындағы жылыту мен желдетуді ҚР ЕЖ 4.02-101 және ҚР ЕЖ 2.04-106 талаптарын сақтай отырып жобалау қажет. Дене шынықтыру-сауықтыру жаттығуларына арналған үй-жайлардағы және спорт құрылыстарындағы жұмыс температурасы мен ау алмасу мәртесін Р.5-кестеге сәйкес алу қажет.

4.6.3 Электрмен қамту және электр техникалық құрылғылар

4.6.3.1 Спорттық футбол құрылыстарындағы жарықтың жақсы көріну мақсатында ҚР ЕЖ 2.04-104 талаптарына сәйкес жарық жүйелерін пайдалануды қарастыру керек.

4.6.3.2 Телевизиялық және телевизиялық емес жарыс ұйымдастырушыларының қажеттіліктеріне қарай жарық беру жүйелері бес класқа бөлінеді:

- I класс – жаттығулар мен сауықтыру бағдарламалары;
- II класс - клубтық ойындар;
- III класс - ұлттық ойындар;
- IV класс - ұлттық чемпионаттар;
- V класс - халықаралық чемпионаттар.

4.6.3.3 Жарық беру қондырғылары алаң шекарасынан немесе қақпа сызығынан 5 м аспайтын қашықтықта орналасуы тиіс.

4.6.3.4 Екі шектес жарық көзі арасындағы жарықтың азаюы телевизиялық түсірілім жүретін матчтар үшін тік және көлденең түсетін жарық үшін бірдей 20 % және түсірілім жүрмейтін матчтар үшін 55 % аспауы керек.

4.6.3.5 Көзге шағылысатын жарық (КШЖ) рейтингі ойын алаңының кез келген нүктесінде 500-ден аспауы тиіс.

4.6.3.6 Түс температурасының өту спектрі (ТК) 2000К және 6500К аралығында болу керек.

4.6.3.7 Түстің жарық беру жүйелерімен берілу дәрежесі (Ra) 81 бастап 90 дейінгі аралықта болу керек.

4.6.3.8 Шырақтардың көтерілу бұрышы 70º аспау керек.

4.6.3.9 Спорт алаңдары мен алаңқайларды жарықтанду нормасы, жеңіл атлетика жаттығуларына арналған орындарды ең аз жарықтандыру көрсеткіштері Р.1, Р.2-кестелерде берілген.

4.6.3.10 Электрмен қамтамасыз ету жүйелері мен құрылғылары ҚР ЕЖ 4.04-106, ҚР ЕЖ 4.04-107 талаптарын сақтай отырып жобалануы тиіс.

4.6.3.11 40 мыңнан астам көрермендер сыйғызатын трибуналары бар футболға, допты хоккейге және жеңіл атлетикаға арналған спорт ареналарында жарық беру қондырғылары жарықтандыру деңгейін Р.6-кестеге сәйкес қамтамасыз ету қажет.

Осы қондырғыларды жобалау құзыретті орган даярлаған және келіскен жобалауға берілген тапсырма бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

4.6.3.12 Жазық жермен шаңғымен сырғанау трассаларының электр тоғымен біркелкі жарықтандырылмау коэффициенті кем дегенде 0,04; шаңғы жарысына арналған трассалар – кем дегенде 0,1; тау шаңғысы спортының трассалары – кем дегенде 0,2; спорт

ойындары мен жеңіл атлетикалық секіруге, сондай-ақ шаңғымен секіру трамплиндеріне арналған ашық жазық спорт құрылыстары – кем дегенде 0,33; ату нысаналары – кем дегенде 0,5 болып алынуы қажет.

4.6.3.13 Трибуналардың көлденең орташа жарықтандырылу деңгейі тиісті спорт түрлері бойынша құрылыстар үшін қарастырылған және трибуналар сыйымдылығын ескере отырып, жарықтандыру деңгейі кем дегенде 10 % болуы тиіс.

4.6.3.14 Дене шынықтыру-сауықтыру жаттығулары үшін ашық жазық құрылыстардың бетіндегі ашық жазық құрылыстардың көлденең ең төмен жарықтандырылу деңгейі 50 лк тең.

4.6.3.15 Спорт және дене шынықтыру-сауықтыру құрылыстарын жарықтандыру үшін, әдеттегідей, газразрядты шамдарды қолдану қажет; бұл жағдайда пульсация коэффициентін Р.7-кестеге сәйкес қабылдау қажет.

4.6.3.16 Жарық ағынын біркелкі реттеу қажет болған жағдайда, сондай-ақ газразрядтау көздерін қолдану мүмкін болмаған немесе техника-экономикалық тұрғыдан тиімсіз болған жағдайда, сондай-ақ жарықтандыру деңгейі кемінде 30 лк болса, қызатын шамдарды пайдалануға жол беріледі.

4.6.3.17 Жоғарыдан және бүйір жақтан жарық беру аспаптары аспаптың оптикалық орта белінен алаңқайдың (алаңның) ұзыннан осіне түсірілген перпендикуляр оның бетімен кем дегенде 27º бұрышты құрған жағдайда шарттарының орындалуын қамтамасыз ете отырып, кем дегенде 10 м биіктікке орнатылуы қажет.

4.6.3.18 Шырақтардың жарық беру биіктігі кем дегенде:

- волейбол мен теннис үшін - 12 м;
- бадминтон, баскетбол үшін - 8 м;
- хоккей үшін - 6 м болғанда, жарықтандырудың жоғарғыдан берілуін қарастыруға жол беріледі.

4.6.3.19 Қалашықтарға арналған алаңқайларда шырақтар кем дегенде 3 м биіктікке асылған жағдайда «қалашықтардың» жоғарыдан жарықтандырылуын қарастыру қажет.

4.6.3.20 Жоғарғы жарықтандыруды кем дегенде 30º қорғау бұрышы бар шырақтармен орындау қажет.

4.6.3.21 Жеңіл атлетикалық жүгіру жолдарына жарық бүйір жақтан шоғырланған жарық таратқыш шырақтардан берілсе, шырақтардың оптикалық осьтері спортшылардың қозғалысы бойынша қозғалыс бетіне еңкейтілуі тиіс.

4.6.3.22 Жасанды жарықтандыруды спорт және дене шынықтыру-сауықтыру құрылыстары аумағының адамдардың өтуіне және көлік қозғалысына арналған учаскелерінде қарастыру қажет. Өзге ашық құрылыстарда жасанды жарықтандыру әдетте трибуналар болған жағдайда қарастырылады.

4.6.3.23 Өткізу қабілеті ауысымда 200 және одан артық адамды құрайтын ашық жазық спорт құрылыстары кешендерінің, шаңғы және есу базаларының, ату орындарының және жыл бойы жұмыс істейтін ашық бассейндердің, соның ішінде жартылай ашық тирлар мен ашық құрылыстардың қосалқы үй-жайларының аумағында:

а) радиоландыру;

б) телефондандыру;

в) электр сағаттандыру (кем дегенде он электр екіншілік сағаттар орнатылған жағдайда);

г) интернетке мүмкіндік қарастыру қажет.

4.6.3.24 Жекелеген үй-жайлар, құрылыстар және дыбыстандыруға жататын аумақтар аймағы жобалау тапсырмасымен анықталады.

4.6.3.25 Республикалық және одан жоғары ауқымдағы жарыстарға арналған спорт құрылыстарында, әдеттегідей, қосымша:

- жеңіл атлетикадан жарыстар ұйымдастырылған уақытта сот алқасы үй-жайлары мен жекелеген төрешілер бригадасы орналасқан орынның арасында, сонымен қатар кезекші медицина қызметкерлері отыратын үй-жайлармен шұғыл-қызметтік телефон байланысының орнатылуын;

- ақпараттық және тіркеу аппаратурасының орнатылуын;

- ашық спорт құрылыстарының жекелеген үй-жайларының арасында жергілікті АТС;

- ақпараттың дыбыстық таралымын және музыканың спорт құрылысы аренасына таралуын (арена көпшілік көрсетілімдерге арналған жағдайда);

- спорт құрылысынан радио және телевизиялық таралымды қарастыру қажет.

4.6.3.26 Ырғақты гимнастикамен және хореографиямен шұғылдану үшін өнер көрсетушілерге ақпараттың және әуеннің дыбыстық таралымы қарастырылу керек.

4.6.3.27 Ату орындарында қосымша ату кешені бастығының жекелеген объектілермен, соның ішінде тирлардың ату галереяларымен жергілікті шұғыл-қызметтік телефон байланысының орнатылуын, ал тирларда оқ атыс шебі мен блиндаж арасында тікелей телефондық немесе селекторлық байланысты (әр 8 - 10 ату кешеніне кем дегенде бір шеп есеппен), оқ ату шебінің жоғарғы төрешісі беретін нұсқаулардың дыбыстық таралымын (оқ ату шебінің ұзындығы 20 м артық болғанда) қарастыру қажет.

4.6.3.28 Есу базаларында шұғыл телефон және радиобайланысты старт орындарының (соның ішінде аралық) және мәрелердің арасында қарастыру қажет. Базалар республикалық және одан жоғары ауқымда болса, академиялық есу жарыстарын өткізу үшін қосымша стартер мен старт алаңқайларының (қайықтардың) арасында радиобайланыс қарастыру қажет.

4.7 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету

4.7.1 Ашық спорт залдарын жобалауды, сондай-ақ халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін пандустарды, тұтқалар мен үй-жайларды орнатуды ҚР ЕЖ 3.06-101 және қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарды ескере отырып орындау керек.

4.7.2 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарына қолжетімді спорт-ойын-сауық құрылысын қалалардың орталық аймақтарына ыңғайлы көлік байланысын қамтамасыз ететін бедері тыныш учаскелерге орналастыру қажет. Стадион учаскесін шуыл және ауа ластау көздерінде қарастырмау қажет. Жер бедерін игеру және халықтың барлық топтарына, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі топтарына қолжетімді болуы тұрғысынан трибуналарды табиғи еңістерге, ал спорт алаңдары мен алңқайларды, жаяу жүргіншілер жолдарын тегіс учаскелерге орналастыруға мүмкіндік беретін аумақты таңдаған жөн.

4.7.3 Ашық алаңқайларды, негізгі көпшілік баратын нысандарға жақындайтын жердегі жаяу жүргіншілерді, сонымен қатар көпшілік шараларын тамашалауға келген келушілерді эвакуациялау жолдарын ұйымдастырған кезде бір мүгедекке 0,96 $м^2$ есеппен трибуналары бар ашық спорт құрылыстарында және бір мүгедекке 58 $м^2$ есеппен көрермендер орны бар ашық спорт құрылыстарының қасында мүгедектер мен келушілердің мүмкіндігі шектеулі топтарының қозғалысына арналған арнайы жолақтар мен алаңқайлар учаскелерін бөлек алу қажет.

4.7.4 Мүгедектер жарыс өткізілетін орындарға қарай бара алатын жолақтардың санын мүмкіндігі шектеулі жаяу жүргіншінің орташа қозғалыс жылдамдығы 0,5 м/сек құрайтындығының және қоғамдық көлік (автотұрақ) аялдамасынан көрермендер орнына дейін баратын жол 20 минут аралығындағы уақытты құрайтындығының ескерілуімен есептеу қажет.

4.7.5 Ағаштар мен бұталарды ернемек тасынан немесе ернемек қойылмаған жаяу жүргінші жолы мен мүгедектерді эвакуациялауға арналған алаңқайдың шетінен 0,9 м алшақ орналастыру қажет. Көпшілік баратын орталықтарға жақындайтын жаяу жүргіншілер жолын көгалдандыру үшін қозғалыс кезінде жарақат келтіруі мүмкін биіктігі 0,5 м кем және 1,1 м жоғары тікенек өсімдіктерді пайдалануға жол берілмейді. Спорт нысандары мен кешендеріне келетін келушілерді эвакуациялау және жақындау жолының бүкіл аумағында еркін визуалды бағдарды қамтамасыз ету үшін ағаш желектерді, әдеттегідей, аллея және топтастырып отырғызу қажет.

4.7.6 Қоғамдық дәретханаларға кіретін есіктердің табалдырықтары болмауы тиіс. Ал табалдырық жасау қажет болған жағдайда олардың биіктігі 2,5 см аспау керек.

4.7.7 Спорт алаңқайларының үсті тегіс, жақсы нығыздалған топырақ, көгал немесе синтетикалық материалдар төселген, басқа фактурадағы жабын төселген 1 м бастап, 1,5 м дейінгі ені бар бағдар жолақтарымен шектелуі тиіс. Спорт алаңқайлары алаңқайдың шетінен бастап, еңісі бірте-бірте 10° бастап 12° дейінгі бұрышпен ұлғаятын бағдар жолағымен айқындалады. Жолақтың ені кем дегенде 1,5 м болуы тиіс. Мұндай кезде жолақ жабыны мен алаңқайдың фактуралары бірдей болады.

4.7.8 Спорт алаңқайларының жабдығы ашық түстерге боялып, айналадағы фонмен контрастта болатындай орналастырылуы қажет.

4.7.9 Алаңқайларды заңып спортшылар пайдаланған жағдайда ойын алаңының айналасына жеңіл атлетика құрылыстарына пайдаланылатын бағдар жолағымен ұқсас бағдар жолағы жасалады.

4.7.10 Ашық дене шынықтыру-спорт құрылыстары үшін ең алдымен, сыртқы құрылыс кедергілерін алып тастау бойынша қойылатын талаптар орындалу керек; ашық құрылыстардың арасын байланыстырып тұратын жолдардың беті тайғақ емес және мүгедектер арбасы зіркілдемей өтетіндей болуы тиіс.

4.7.11 Жарық мүгедектің көзімен бірдей деңгейдегі биіктікте орналасу және түзу әрі жеткілікті дәрежеде ашық болу (көзі нашар көретін адамдарға есептелумен) тиіс. Дәл сол себеппен көрсеткіштер анық әрі жақсы жарықтандырылған болу керек. Борттық тастарды, қиылысуларды және пандустарды жобалап, қосалқы үй-жайлар мен көлік тұрақтарынан шығатын ыңғайлы шығуды қарастыру қажет.

4.7.12 Ашық жазық құрылыстарды жобалаған кезде қандай да болмасын кедергілер жоқ шекарасынан бастап, барлық бағыттағы ені кем дегенде 3,0 м қауіпсіздік аймағын қарастыру қажет. Қауіпсіздік аймақтарының төсемі спорт алаңқайының төсемімен бірдей болуы керек.

4.7.13 Жекелеген алаңқайлар мен ашық жүзу бассейндерінің айналасын бұталы жасыл желектермен (тікенек және улы бұталардан басқа) қоршау ұсынылады. Жасыл желектердің орналасуы, түсі және көлемі көру қабілетінде ақауы бар мүгедектердің қосымша ақпарат алуына септігін тигізу керек.

4.7.14 2-3 қатарға тігілген ағаштар мен қалың өсетін бұталардан жасалған шуылдан қорғау жолағының енін шуыл қарқыны әр қатарда 1,2 - 1,8 дБ азайғанда, кем дегенде 10 м етіп алу ұсынылады. Бұл кезде ағаштардың биіктігі кем дегенде 5-7 м болуы тиіс.

4.8 Қоршаған ортаны қорғау

4.8.1 Ашық спорт құрылыстарын жобалау кезінде қоршаған ортаны ластауды жою және алдын алу, сондай-ақ өндірістік қалдықтарды кәдеге жарату әдісі бойынша шаралар қарастырылуы тиіс.

4.8.2 Құрылыстарды орналастыру кезінде:

а) қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптардың орындалуын қамтамасыз ету;

б) табиғи ортаны қалпына келтіруді орындауды қамтамасыз ету;

в) табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қалпына келтіру бойынша қойылатын талаптарды орындау;

г) аталған объектілерді пайдаланудың таяу және кейінгі экологиялық, экономикалық, демографиялық және басқа да салдарын ескере отырып, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

д) қолайлы қоршаған ортаны, биологиялық алуандылықты сақтау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қалпына келтіру басымдығын сақтау;

е) ғимараттар, құрылыстар, құрылымдар және басқа да объектілер орналасатын орын мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда, заңнама талаптарын сақтау арқылы таңдалады.

4.8.3 Құрылыстардың құрылысын жүргізу және реконструкциялау кезінде табиғатты қорғау бойынша қойылатын талаптар төмендегілер болып табылады:

а) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар бекітілген жобаның болуы;

б) қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптардың, сондай-ақ санитарлық және құрылыс талаптарының, нормалар мен ережелердің орындалуы;

в) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ортаны қалпына келтіру шараларының қабылдануы;

г) жердің құнарлылығын қалпына келтіру;

д) аумақтың көркейтілуі.

5 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

5.1 Энергия үнемдеу және жылу шығынын азайту

5.1.1 Жекелеген элементтер, құрылыстардың құрылыс конструкциялары, сондай-ақ құрылыстарда пайдаланылатын құрылғылар, құрылыстарды пайдалану барысында энергетикалық ресурстардың ұтымсыз пайдаланылуына жол бермейтін технологиялар мен материалдар бойынша шешімдер қарастыру ұсынылады.

5.1.2 Ашық спорт құрылыстарын жобалауды мыналарды екере отырып жүзеге асыру керек:

а) ғимаратты жылытуға және желдетуге жұмсалатын жылу энергиясының үлестік шығынының кешенді көрсеткішін;

б) құрылыс конструкциялары мен инженерлік жүйелерді қоршап тұрған жылу техниклық сипаттамаларды (жылу берілуге кедергі көрсеткіші және ауа өткізгіштік) ескере отырып жобалау қажет

5.1.3 Пайдаланылатын энергетикалық ресурстардың құрылыстардың энергетикалық тиімділік талаптарына сәйкестігі және есептеу аппаратымен жабдықталуы жобалау құжаттамасында оңтайлы сәулет, функционалдық-технологиялық, конструктивтік және инженерлік-техникалық шешімдерді таңдау арқылы қамтамасыз етілуі тиіс.

5.1.4 Жылу энергиясын үнемдеу мақсатында құрылыстарда келесі бағыттардағы жұмыстардың орындалуын қарастыру ұсынылады:

а) құрылыстардың жылумен қорғау қасиеттерін арттыру;

б) жылумен қамту орталықтандырылған болған жағдайда жылыту жүйелерінің сенімділігін арттыру және автоматтандыру;

в) жылу режимі ауыспалы ғимараттарды үзіп-үзіп жылыту конструкцияларын және есеп жүргізу жүйелерін әзірлеу;

г) жылыту жүйелерін жетілдіру;

д) жылыту жүйелерінің жылу желілеріне қосылу схемаларын жетілдіру.

5.1.5 Спорт құрылыстарын жобалау кезінде жобалау тапсырмасында белгіленген және энергияның көбірек үнемделу әсеріне қол жеткізуге бағытталған жоғары талаптарды қолдануға жол беріледі.

5.1.6 Төмендегілерге сәйкес объектінің энергия тиімділігін арттыру шараларының кешені мен шешімдерін қарастыру қажет:

а) энергияның жаңартылған көздерден пайдаланылуына;

б) энергия үнемдеудің баламалы жүйелеріне;

в) жылуды рекуперациялауға қойылатын талаптарға;

г) ғимаратты ыстық сумен қамту үшін жұмсалатын энергия үлесінің бақылануына;

д) ғимаратта тұтынылатын электр энергияның бақылануына;

е) энергия тұтынуды азайтуға ынталандырудағы тиімді әдіс ретінде ғимараттар деңгейінде энергияның қосымша есебіне.

5.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану

5.2.1 Су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында келесі шараларды қарастыру қажет:

а) коммуналдық және суару желілері суының шығынын азайту;

б) судың айналмалы және қайта пайдаланылуын көбейту;

в) сумен жабдықтау жүйелерінің ресурстарды үнемдейтін технологияларын енгізу;

г) ыстық және суық су есептеуіштерін орнату;

д) су шығынын шектейтін құрылғыларды орнату.

5.2.2 Құрылыстың ұйымдастырылуын жобалау және жұмыстар жүргізу кезінде кесіп берілген аумақ шекарасының арғы жағындағы топырақ-өсімдік жамылғысының жалпы тазалығы мен тұтастығын сақтау талаптарын, сондай-ақ құрылыстар салынбаған бөліп берілген аумақта барынша аз зақымдалуын және ластануын ескеру қажет.

5.2.3 Ағаштарды отырғызған кезде климаттық жағдайларды, топырақ түрін, жауын-шашын мөлшерін, желдің бағытын, өсімдіктерді күтуді, балалар мен қызметкерлер өмірінің қауіпсіздігін есепке алу керек.

А қосымшасы
(ақпараттық)

А.1-кесте – Ашық жазық спорт құрылыстарының құрылыс өлшемдері және олардың өткізу қабілеті

Құрылыстардың түрлері мен типтері	Габариті, м (кем дегенде)		Бір мезгілдегі өткізу қабілеті, адам/ауысым	Құрылыс бетіндегі жабынның типі
	ұзындығы	ені		
1	2	3	4	5
Жазғы				
Футбол мен жеңіл атлетикаға арналған спорттық ядро	183 бастап 188 дейін	89 бастап 94 дейін	90 бастап 100 дейін	НВ-1, НВ-2, В-2
Спорт жаттығуларына арналған алаңдар мен алаңқайлар (спорт түрлері бойынша):				
- бадминтон	15	8	8	НВ-1, В-1, В-2
- баскетбол	28	16	24	НВ-1, В-1, В-2
- волейбол	24/34	15/19	24	НВ-1, В-1
- қалашықтар	30	15	12	НВ-1, В-2, В-3
- регби	120	72	34	НВ-1, НВ-2
- теннис	36/40	18/20	6	НВ-1, В-1, В-2
- үстел теннисі	7,75	4,5	4	НВ-1, В-1, В-2

А.1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
- футбол	113	72	32	НВ-1, НВ-2, В-1
- көгалдағы хоккей	98	61	30	НВ-2
Сауықтыру жаттығуларына арналған алаңдар мен алаңқайлар (жаттығу түрлері бойынша):				
- кегли (бір жол)	25,3 бастап 28,5	1,5 бастап 2,1 дейін	2 бастап 4 дейін	НВ-1, В-2
- крокет	8 ең төм.	4 ең төм.	6 бастап 10 дейін	НВ-1, НВ-2
- шағын бейсбол (ромб беті)	13,7 бастап 18,3 дейін	13,7 бастап 18,3 дейін	18	НВ-2
- шағын – баскетбол	19 бастап 27 дейін	10 бастап 15 дейін	10	НВ-1, В-1, В-2
- шағын – волейбол	14	6	2 бастап 6 дейін	НВ-1
- шағын – гольф	800 м^2 бастап 3000 м^2 дейін	-	15 бастап 20 дейін	НВ-1, НВ-2
- шағын – футбол	25 бастап 65 дейін	18 бастап 25 дейін	12	НВ-1, НВ-2, В-1
Спорт жаттығуларына арналған жолдар мен трассалар (спорт түрлері бойынша):				

А.1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
-шаңғы роллерлері	1000	1,5 бастап 2 дейін	50 м 1 адам	В-1, В-2, В-3
	3000	-	-	-
	5000	-	-	-
-кростар	еркін	еркін	еркін	-
Дене шынықтыру-сауықтыру жаттығуларына арналған жолдар мен трассалар:				
- велосипед	еркін	2,5	100 м 1 адам	НВ-2, В-1, В-2, В-3
- денсаулық	500 бастап 3000 дейін	1,5 бастап 2 дейін	20 м-50 м 1 адам	НВ-1, В-2
- сауығып жүгіру және жүру	800 бастап 3000 дейін	1,5 бастап 2 дейін	20 м-50 м 1 адам	НВ-1, В-2
Қысқы				
Спорт жаттығуларына арналған алаңдар мен алаңқайлар (спорт түрлері бойынша):				
- конькимен мәнерлеп сырғанау	65	36	30 бастап 50 дейін	мұз
- хоккей	65	36	30 бастап 50 дейін	мұз
- допты хоккей	114	73	34	мұз

А.1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Спорт жаттығуларына арналған алаңдар мен алаңқайлар (спорт түрлері бойынша):				
-керлинг	50	20	4 бастап 8 дейін	мұз
-конькимен жаппай сырғанау	еркін	-	15 $м^2$ /адам	мұз
-жаңадан сырғанаушыларға арналған	-	-	25 $м^2$ / адам	мұз
-конькимен мәнерлеп сырғанау	65	34	30 $м^2$ / адам	мұз
Спорт жаттығуларына арналған жолдар мен трассалар (спорт түрлері бойынша):				
-шаңғы спорты	1000, 3000 5000	2,5	50 м 1 адам	қар
-конькимен жылдамдықпен жүгіру	186 (153)	74	60	мұз
Дене шынықтыру-сауықтыру жаттығуларына арналған жолдар:				
-денсаулық	800 бастап 3000 дейін	1,5 бастап 2 дейін	20 м -50 м 1 адам	қар
-сауықтыру жүгіруі және жүруі	800 бастап 3000 дейін	1,5 бастап 2 дейін	20 м -50 м 1 адам	қар

А.1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
-шаңғымен сырғанау	өнд.	2,5	100 м 1 адам	қар

Ескертпелер

1 Трассаның 50 % ұзындығын 30º артық көлбеу және ұзындығы 20 м астам дөңдер мен төмен түсетін еңістер құрауы тиіс. Велосипед жолдары шаңғыроллер жолдарына қарағанда қуыстау болуы тиіс. 100 м бастап, 300 м дейінгі денсаулық жолдарында снарядтармен жаттығу кешендері орналасады. Шаңғы спортына арналған трассалардың бейіндері шаңғы роллердікіне, шаңғымен сырғанау трассаларының бейіндері велосипед жолдарынікіне ұқсас келеді. Көпшіліктің мәнерлеп сырғанауына және жаңадан сырғанай бастағандарға арналған норма табиғи мұз үшін көрсетілген. Жасанды мұз үшін ол 2,5 – 3 есеге төмен.

2 Шаңғы спорты мен шаңғымен сырғанау трассалары арнайы дайындалған қар жамылғысынан жасалады.

3 Табиғи мұздан жасалған қысқы жазық құрылыстар жазғы алаңдар мен оңтайлы арнайы қоспадан, асфальтбетон және бетон жамылғысы бар алаңқайларға жасалады. Шаңғы спортына арналған трассалар шаңғыроллерлерге арналған жолдарға, шаңғымен сырғанауға арналған трассалар велосипед жолдарына орналастырыла алады. Денсаулық, сауықтыру жүгіру және жүру жолдары жыл бойы пайдаланылады.

4 Алаңдар, алаңқайлар, жолдар мен трассалар, әсіресе қысқы жасанды жарықтандырылуы тиіс.

5 Ұсынылатын жабын түрлері:

НВ-1 – оңтайлы қоспадан су өткізбейтін емес;

НВ-2 – су өткізбейтін емес, спорттық газон;

В-1 – синтетикалық су өткізбейтін;

В-2 – асфальтбетон су өткізбейті н;

В-3 – бетон су өткізбейтін.

Б қосымшасы
(ақпараттық)

Екі секторлы спорт ядросының жоспары

Метрмен



а - айналып жүгіруге арналған жол (8 бөлек жолда); в - өлшемі 105 м × 68 м футбол алаңының шекарасы; г - қауіпсіздік аймағы; *д* - кедергілерден жүгіруге арналған су құйылған шұңқыр; е - кедергілерден жүгіру кезінде орнатылатын алынбалы кемерлер; и - барлық ара-қашықтықтардың ортақ мәре сызығы; к - ұзындығы шеңбер ұзындығына еселенген ара-қашықтықтағы старттар сызығы; л - кедергілері бар 110 м старт сызығы; м - 100 м старт сызығы; н - ұзындығы шеңбер ұзындығының жартысына еселенген ара-қашықтықтағы старттар сызығы; *п* - 1500 м старт ұзындығы; р - сырықпен секіруге арналған орын; с - биіктікке секіруге арналған орын; т - найза лақтыруға арналған орын; у - диск пен тоқпақ лақтыруға арналған орын; ф - ұзындыққа секіруге және үш дүркін секіруге арналған қосарланған орын; х - ядро итеруге арналған орын (үзік сызықпен футбол алаңының газонында снарядтың түсуіне арланған сектордың орналасу нұсқасы көрсетілген).

Ескертпе - Жеңіл атлетика секторларындағы орындардың құрамы мен олардың орналасуы әртүрлі болуы мүмкін.

Б.1-сурет - Футбол алаңы мен бір орталық бұрылыстары мен айналып жүгіруге арналған жолдың түзу бөлігімен біріктірілген тура жүгіруге арналған жолы бар ұзындығы 400 м айналып жүгіруге арналған жеңіл атлетика жолы бар екі секторлы спорт ядросының (аренасының) жоспары

В қосымшасы
(ақпараттық)

Жеңіл атлетика жолдарының ішкі кемері жиегінің жоспары

Метрмен



В.1-сурет - Үш орталықтан сипатталған бұрылыстары бар тұстармен айналып жүгіруге арналған ұзындығы 400 м жеңіл атлетика жолының ішкі кемері жиегінің жоспары

Метрмен



В.2-сурет - 36 м радиус бойынша сипатталған бір орталықты бұрылыстары бар айналып жүгіруге арналған ұзындығы 333,33 м жеңіл атлетика жолының ішкі кемері жиегінің жоспары

Г қосымшасы
(ақпараттық)

Ашық спорт құрылысына арналған алаң көлемі

Метрмен



1 - тор; 2 - баған; 3 - тіреу; 4 – жұптық ойынға арналған бүйірлік сызық; 5 – жеке ойынға арналған бүйірлік сызық; 6 – ортаңғы сызық; 7 – шетжақ қоршаудың биіктігі кемінде - 3 м; 8 – бүйірлік қоршау биіктігі кемінде 1 м; 9 - фон (жасыл түс ұсынылады)

Г.1-сурет - Тенниске арналған алаң (жоспар)

Метрмен



(А – алаңның жоспары; Б – «қаланың» жоспары мен белгісі;
В – қоршау және қиық-білік).
1 - «қала»; 2 - «қала маңы»; 3 – беткі сызық; 4 - «мұртша»; 5 – айып сызығы (құм қабаты төселеді);6 - кон; 7 – жартылай кон; 8 - қоршау; 9 – құмды білік; 10 – учаскенің шекарасы.

Г.2-сурет - Қалашықтарға арналған алаң

Метрмен



1 - тор; 2 - тіреу; 3 - ортаңғы сызық;
4 - бүйір шеттегі сызық; 5 - шабуыл сызығы; 6 - беткі сызық;
7 - тастау орны; 8 - төрешілер мұнарасы; 9 - қауіпсіздік аймағы.

Г.3-сурет - Волейбол алаңы

Метрмен



(а - өлшемдер мен белгілер; б – қалқанның астындағы аймақ белгісі, в – қалқанда себеті бар сақинаның орналасуы): 1 – шеткі жақтағы сызық, 2 – беткі сызық, 3 – ортадағы сызық, 4 – ортадағы шеңбер, 5 – айып лақтыру аймағы, 6 – айып лақтыру сызығы, 7 – үш секундтық аймақ, 8 – үш нүктелі лақтыру сызығы, 9 - қалқан, 10 – себетті сақина, 11 - қауіпсіздік аймағы.

Г.4-сурет - Баскетбол алаңы

Метрмен



Г.5-сурет - Регби алаңы. Алаң жоспары мен қақпа схемасы

Метрмен



1 – үй базасы, 2 –беру орны, 3 –қағу орны, 4 - I база,5 - II база, 6 - III база, 7 – кезекті қағушының орны, 8 – төрешілер мен бапкерлерге арналған бокс, 9 – сыртқы шектеу сызығы,10 – база сызығы, 11 – алаңның сыртқы шекарасы, 12 – газон шекарасы, 13 - трибуна қоршауының сызығы.

Г.6-сурет - Бейсбол алаңы (көлемі мен белгісі)

Метрмен



(А – 1-үстелге арналған алаң жоспары; Б – үстел габариттері, белгілері және жабдықталуы);
1-үстел; 2- алаң шекарасы; 3-тор; 4-үстел белгілерінің сызықтары.

Г.7-сурет - Үстел теннисі алаңы

Метрмен



А - құрылыс ауданы 435 м алаң схемасы; Б - 805 м; В - 1445 м.
1 – хоккей жиегі; 2 - баскетбол алаңы; 3 - волейбол алаңы; 4 - қақпа. Әр алаң (учаскенің өлшемі мен конфигурациясына байланысты) жалпы білім беру мектептерінде, ықшам аудандарда, спорт кешендерінің аумақтарында жасалады. Алаңдар жазда шағын-футбол, баскетбол ойындары, қыста хоккей ойындары үшін пайдаланылады.

Г.8-сурет - Спорттық және қозғалмалы ойындарға арналған әмбебап кешенді алаңдардың ұсынылатын схемалары

Метрмен



I – қақпа сызығы; 2 – ортадағы сызық; 3 - шет жақтағы сызық; 4 – ортадағы шеңбер;
5 - 12-метрлік соққы белгісі; 6 – еркін соққы нүктесі;
7 – ортадағы сызық жалауына арналған орын; 8 – бұрыштағы жалауға арналған орын;
9 – төреші-хатшыға арналған орын;
10 – қашықтағы ойыншыларға арналған орындар; 11 – қосымша ойыншыларға арналған орындар.

Г.9-сурет - Допты хоккей алаңының өлшемі мен белгілері

Метрмен



Г.10-сурет - Көгалдағы хоккей алаңы

Метрмен



А - өлшемдер мен белгілер. 1 – ойын алаңы, 2- бүйір жақтағы сызықтар, 3 – қақпа сызығы, 4 – қақпаның ауданы, 5 – айып алаңы, 6 – айып соққысының белгісі, 7 - бұрыш секторы, 8 - қақпа, 9 – фоторепортерлер сызығы, 10 – бұрыштан жасалған соққы кезінде қорғанатын команда ойыншыларының орналасымын шектейтін сызық, 11 – ойын алаңынан тыс жатқан бос аудан (онымен бір белгіде); ойын алаңы бұрыштарының аумағында бөлек орналасқан футбол алаңының қасында бос ауданның ені кем дегенде 5 м дейін ұлғайтылуы тиіс; алаң спорт ядросының (аренаның) құрамында орналасқан жағдайда алаңның периметрі бойынша бос ауданы айналып жүгіруге арналған жеңіл атлетика жолының және футбол алаңының шетжақтарындағы жеңіл атлетикаға арналған секторлардың параметрлеріне сәйкес айқындалады. Б – қақпаның схемасы.

Г.11-сурет - Футбол алаңы

Метрмен



а – старт сызығы; б – тура жүгіру қашықтығының ұзындығы (110 м дейін);
в – мәре сызығы;
г - қауіпсіздік аймағы; d – бөлек жүгіру жолдары;
n – бөлек жүгіру жолдарының саны.

Г.12-сурет - Тура жүгіруге арналған жол

Д қосымшасы
(ақпараттық)

Оқ атуға арналған тирлар

Д.1-кесте – Тирлардың ату түрлері мен қолданылатын қарудың калибрі бойынша мақсаты

Тирдың ату түрі мен қолданылатын қарудың калибрі бойынша мақсаты:	Ату қашықтығы, (кем дегенде) м	Ату орындарының немесе нысана қондырғыларының ең аз саны		
		дене шынықтыру ұжымдарының бастапқы ұйымдарына және аудандық ату-спорт клубтарына арналған тирларда	жарыстарға арналған ату орындарының құрамындағы тирларда	
			республикалық ауқымнан төмен	республикалық және одан жоғары ауқымдағы
1 қара шеңбері бар нысаналарға қарудан оқ атуға арналған тирлар:				
- ірі калиберлік	300 100	--- ---	16 12	40 -
- шағын калиберлік	50 25	10 10	20 ---	60 ---
- пневматикалық	10	15	20	40
2 Төмендегідей нысаналарға жылдамдықпен оқпен атуға арналған тирлар:				
шағын калиберлік пистолеттен, ірі калиберлік револьверден (пистолеттен) бұрылатын мүсіндерге	25	5 мүсін бар 1 қондырғы	әрқайсысында 5 мүсін бар 4 қондырғы	әрқайсысында 5 мүсін бар 8 қондырғы

Д.1-кестенің жалғасы

Тирдың ату түрі мен қолданылатын қарудың калибрі бойынша мақсаты:	Ату қашықтығы, (кем дегенде) м	Ату орындарының немесе нысана қондырғыларының ең аз саны		
		дене шынықтыру ұжымдарының бастапқы ұйымдарына және аудандық ату-спорт клубтарына арналған тирларда	жарыстарға арналған ату орындарының құрамындағы тирларда	
			республикалық ауқымнан төмен	республикалық және одан жоғары ауқымдағы
шағын калиберлік винтовкадан қозғалып тұратын «жүгіріп бара жатқан қабанның» үстінен	50	---	1 негізгі және 2 бүйір (атпай нысана көздеуге арналған) үшін 1 тир	әрқайсысында 1 негізгі және 2 бүйір (атпай нысана көздеуге арналған) үшін 2 тир
пневматикалық винтовкадан қозғалып тұратын «жүгіріп бара жатқан қабанның» үстінен	10	1 негізгі және 1 бүйір (атпай нысана көздеуге арналған) үшін 1 тир		әрқайсысында 1 негізгі және 1 бүйір (атпай нысана көздеуге арналған) үшін 2 тир

Ескертпелер

1 Ату орындарының құрамына кіретін тирлар жабық, жартылай ашық және ашық болады; 300 м қашықтыққа атуға арналған тирлар, әдеттегідей, жартылай ашық, ал республикалық және одан жоғары ауқымдағы жарыстарға арналған пневматикалық қарудан ату тирлары тек жабық болып жобалануы керек.

2 Оқу-жаттығу сабақтарына арналған ату орындарында тирлардың құрамы мен ондағы ату орындарының саны жобалау тапсырмасымен белгіленеді.

Д.2-кесте – Ату түрі мен қашықтығына байланысты ату галересының жекелеген элементтерінің өлшемдері

Метрмен

<table>
<tr><th rowspan="4">Ату түрі мен қашықтығы</th><th colspan="4">Ату галереялары элементтерінің өлшемдері, кем дегенде</th></tr>
<tr><th colspan="3">ату бекеті</th><th rowspan="3">Команда өкілдері мен бапкерлерге арналған аймақтың тереңдігі*</th></tr>
<tr><th colspan="2">ату кешені</th><th rowspan="2">өткелдің ені (төрешілерге арналған аймақ)</th></tr>
<tr><th>ені</th><th>тереңдігі (ұзындығы)</th></tr>
<tr><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td></tr>
<tr><td>1 Төмендегі қашықтыққа қара шеңберлі нысаналарға, м:
а) 300 және 100
б) 50 және 25
в) 10</td><td>1,6**
1,25-1,6**
1</td><td>2,5
1,5</td><td rowspan="2">1,1</td><td rowspan="2">1,25</td></tr>
<tr><td>2 Бұрылатын мүсін нысаналарға*** (қашықтық 25 м): бір-бірден
бестен</td><td>1-1,5
1,5</td><td>1,5</td></tr>
</table>

Ескертпе - Кабиналардың өлшемдері мен қозғалатын «жүгіріп бара жатқан қабан» нысанасын кіші калиберлі винтовкадан тирда атпай жаттығуға арналған орын 1б-т. бойынша қабылданады.

* Көрермендерге арналған орындар болған жағдайда олар сондай-ақосы аймақта орналасады. Бұл үшін оның тереңдігі (атудың барлық түрлері үшін) республикалық ауқымдағы жарыстар үшін 3,5 м төмен, ал республикалық және одан жоғары ауқымдағы жарыстар үшін 5 м болып алынуы қажет.

Аймақ төрешілерге арналған өткелден биіктігі 0,8 – 1 м тосқауылмен бөлінуі тиіс.

**Әр екі ату кешенінен кейін әдеттегідей, еденге дейін 0,3 м жетпейтін биіктігі 2 м (еденнен) және ені 1,5 м стационарлы немесе алынбалы арақабырғалар орнатылады. Олардың 0,5 м ату бағытымен оқ ату сызығынан тысқары шығарылады.

*** Ату орындарының алдыңғы жағына үстінде ені 0,5 м көлденең орналасқан сөресі бар биіктігі 0,85 м тосқауыл орнатылуы керек. Ал бұрылатын бір мүсін нысанасын атқан кезде одан басқа, гильзалардан қорғау үшін әрбір орынды қасындағы орындардан бөліп тұратын биіктігі 1,8 – 2 м және ені 0,9 – 1 м тасымалды арақабырғалар орнатылуы керек.

Д.3-кесте – Ашық тирлардағы жер біліктерінің өлшемдері мен орналасуы

Метрмен

Ату аралығы	Жер біліктерінің нысаналардың ортасы орналасқан деңгейден биіктігі		Оқ қабылдау және бүйір шеттегі жер біліктерінің үстінің ені	Оқ қабылдау жер білігінің табанын нысаналардың сызықтарынан алып тастау
	оқ қабылдау	бүйір		
1	2	3	4	5
25 и 50	6	4	1,2	5
100	7,5	5	1,5	6
300	10	6		10
Ескертпе – Ату бекетіне қаратылған жер біліктерінің құламаларының рикошетке әкелуі мүмкін қатты қосындылары жоқ көгал жабыны болуы тиіс.				

Д.4-кесте – Оқтың өту әсеріне байланысты тирлардың қоршау конструкцияларының талап етілетін қалыңдығы

Сантиметрмен

Материал	Қоршау конструкцияларының қалыңдығы, калибр	
	7,62 мм	5,6 мм
1	2	3
Бетон (маркасы В 20)	10	7
Кірпіш	50	25
Ағаш	100	25
Сазбалшықты топырақ*	100	50
Құм (нығыздалған)**	90	30
Өсімдікті топырақ*	120	50
Төсемді болат	2	0,7

* Үйіндіде қолданылады. Келтірілген қалыңдық біліктің тарағына қатысты.

** Келтірілген қалыңдық қалыңдығы 5 см екі ағаш қабырғаның арасына төселген осы материалдың қабаты үшін қабылданған.

Д.5-кесте – Оқ ұшатын сызық пен нысана сызығының өзара орналасуы

Метрмен

Ату қашықтығы мен қарудың түрі	Нысана ортасының ату орандарының еденінен есептегендегі оңтайлы биіктігі	Жол берілетін ауытқу		
		Қашықтық ұзындығы	нысана ортасының перпендикулярдан жазықтыққа қарай	
			әр жаққа қарай көлденең	ату орындарының еденінен тігінен
1	2	3	4	5
300, винтовка	3	±1	6	±4
100, винтовка	1	±0,5	2	±2,5
50, винтовка және пистолет	0,5	±0,2	1	±0,75
25, винтовка	0,25	±0,1	0,75	±0,2
25, пистолет	1,4	±0,1	0,75	±0,2
10, винтовка және пистолет	1,4	±0,05	0,25	±0,2
50 («жүгіріп бара жатқан қабан»), винтовка	0,5 - 1,4	+2,5	-	-
10 («жүгіріп бара жатқан қабан»), винтовка пневматикалық	1,2 - 1,6	+2,5	-	-

Ескертпе - Тирдағы «жүгіріп бара жатқан қабан» көрсетілген ауытқулар нысана ортада болған кездегі жағдайға жатады.

Е қосымшасы
(ақпараттық)

Жасанды газон төселген футбол алаңы

Е.1 Футбол алаңының негізі

Е.1.1 Бетіне жасанды төсем төселген футбол алаңының негізі тегіс болу және кез келген ауа райында алаңның үстіне шалшықтың жиналуына жол бермейтін дренаж болу қажет.

Е.1.2 Негіздің монтаждалуы негіз конструкциялары қабаттарының біркелкілігі мен бірқалыпты болуын қамтамасыз ету тиіс. Бұл негіздің бүкіл ауданы бойынша біркелкі жатуына мүмкіндік беріп, футбол алаңының бетінде бұдыр жерлердің пайда болуына жол бермейді.

Е.1.3 Негіз конструкциясының құрамдас бөлігі болып табылатын су бұру жүйесі футбол алаңынан және негіз конструкциясынан судың кері сүзгі принципі бойынша бұрылуын қамтамасыз ету қажет.

Е.1.4 Судың футбол алаңының бетінен бұрылуы саны мен көлемі оның өткізу қабілетін айқындайтын дренаж тесіктері бар жасанды төсемнің өзінің жоғары дренажды қасиеттерін қамтамасыз етеді. Негіздің дренаждық қасиеттері таңдалған құрылыс материалына байланысты болады. Бұл мақсатта ең жақсы материал – гранитті қиыршықтас.

Е.2 Қиыршықтасты негіз

Е.2.1 Қиыршықтасты негіз әдеттегідей, үш қабатты болып жасалып, әр қабаты алдыңғысын бөліп, аздап түзейді. Қиыршықтасты негіздің жалпы қалыңдығы – шамамен 18 см бастап, 22 см дейін. Қиыршықтасты негіздің астына көп жағдайда топырақ негізінде монтаждалатын геотекстиль (синтетикалық маталы емес материал) қолданылады.

Е.2.2 Геотекстиль бүкіл конструкцияны тұтас арматуралайды, сонымен қатар қаттардың диффузиялану процессіне жол бермейді. Бұл футбол алаңының бетінде бұдыр тұстардың пайда болуына әкелуі мүмкін.

Е.3 Дренаждың құрылысы

Е.3.1 Су негіз конструкциясынан дренаж құбырлары арқылы бұрылады. Дренаж құбырларының көлбеу шамасы және олардың орналасуы негіз конструкциясына кіретін судың жергілікті су бұру жүйесіне тез шығарылуын қамтамасыз етуі тиіс. Пластик дренаж құбырлардың сүзгілейтін материалдағы көлбеуінің ең төмен шамасы – шамамен 0,2 % бастап 0,4 % дейін.

Е.3.2 Су өткізетін төселетін топырақ қабаттарына дренаж тек футбол алаңының периметрі бойынша орнатылады.

Е.3.3 Жергілікті су бұру жүйесі болмаған жағдайда су маңайдағы аумақтың табиғи бедерінің төменгі жағына орналастырылатын су қабылдау резервуарларына тасталады. Резервуардың көлемін түсетін жауын-шашын мөлшеріне және кептірілетін аумақтың ауданына қарай айқындау қажет.

Е.3.4 Жекелеген жағдайларда футбол алаңының периметрімен ашық су бұру жүйесі орындалады. Ашық су бұру жүйесі қысқы уақытта негізгі функционалдық жүктемені көтереді. Күн жылып, қар еріген кезде футбол алаңының бетінде пайда болатын ылғал ашық су бұру жүйесіне алып тасталады. Ашық су бұру жүйесі футбол алаңына маңайдағы аумақтан су ағысының құйылу ықтималдығына жол бермеуге арналған.

Е.4 Синтетикалық көгал

Е.4.1 Жасанды жабыны бар футбол алаңы жаттығу сабақтары мен әртүрлі деңгейдегі ұлттық жарыстарды өткізу үшін табысты қолданысқа ие.

Е.4.2 Жасанды жабындардың конструктивтік ерекшеліктері синтетикалық талшықтың биіктігі 6 см дейін және одан артық ұлғайғандығында, ал синтетикалық талшықтың орналасу жиілігінің 10 сантиметрге кем дегенде 20 қайыпты құрайтындығында. Бұл ретте үйіп төселген қабат тек қана дренаждалатын құмнан ғана емес, резеңке грануляттан да тұрады.

Е.5 Моноталшық

Е.5.1 Табиғи көгал төселген футбол алаңының пайдалану сипаттамалары көгал газонның сорттық сапасын айқындайтын көгал газонның өзінің сапасына байланысты болады. Синтетикалық көгал төселген футбол алаңының пайдалану сипаттамалары көп жағдайда толықтай талшықтың жасалу технологиясына байланысты болатын синтетикалық талшықтың сапа параметрлерін анықтайды. Бұл әрбір өндіруші компанияның зияткерлік меншігі болып табылады.

Е.5.2 Температура төмендеген кезде синтетикалық талшық серпімділігі мен тік орналасуын жоғалтады. Бұл футбол алаңының пайдалану сипаттамаларының өзгеруіне әкеледі, ал бұл болса, кәсіби футбол ойны үшін қолайсыз.

Е.5.3 Моноталшық тік орналасымға әлдеқайда төзімді келеді. Бұл жасанды жабын төселген футбол алаңдарының сапалық сипаттамаларын синтетикалық көгалмен және табиғи көгал газонмен жақындастырады.

Е.6 Иілгіш қабат

Е.6.1 Иілгіш қабат бір дренаждаушы жікке желімделген резеңке гранулят болып табылады. Иілгіш жіктің қалыңдығы синтетикалық талшықтың биіктігіне кері пропорционал тәуелділікке ие – иілгіштің қабат неғұрлым қалың болса, синтетикалық талшықтың биіктігі соғұрлым аз болады және төгу қабатының қалыңдығы соғұрлым аз болады. Иілгіш қабат қалыңдығының ықтимал мәндерінің диапазоны шамамен 0,8 см бастап, 3,0 см дейінгі мәнді құрайды.

Е.7 Жасанды жылыту

Е.7.1 Жасанды жабыны бар футбол алаңын пайдалану барысында оның табиғи көгал газон өскен футбол алаңына қарағанда бірқатар артықшылықтары болады. Олардың негізгісі – футбол алаңының ойын бетінің бүкіл күнтізбелік жыл бойы жоғары сапасының сақталуы, пайдалану шығынының біршама аз болуы.

Е.7.2 Футбол алаңының жасанды жылыту жүйелері екі типті болады – сұйықтықты және электрлік жасанды жылыту жүйесі. Футбол алаңының сұйықтықты жасанды жылыту жүйесі экономикалық тұрғыдан тиімдірек болып табылады.

Е.7.3 Сұйықтықты жасанды жылыту жүйесінің принципиалдық схемасы жылыту, тарату, коллекторлық, жеткізетін құбырлардан және жеке жылыту пунктінен тұрады.

Е.7.4 Жылыту құбырлары футбол алаңының тура негізіне бүкіл ауданына орналастырылады. Таратқыш және коллекторлық құбырлар футбол алаңының жеке жылыту пункті бар құбырдың шетімен орналастырылады.

Е.7.5 Жылу беретін жылыту құбырлары ретінде диаметрі 20 мм бастап, 25 мм дейінгі пластик құбырлар пайдаланылады. Таратқыш, коллекторлық және жеткізетін құбырлар алдын ала оқшауланған болат құбырлардан монтаждалады.

Е.7.6 Жылу беретін жылыту құбырлары, таратқыш, коллекторлық және жеткізетін құбырлар арнайы қатпайтын жылу тасушыға – этиленгликольге толтырылатын екіншілікті контур құрайды. Бастапқы контур қасынан өтетін жылу трассасынан бөлінген немесе дербес қазандықтан бөлінген контур болады. Бастапқы контурдан екіншілікті контурға жылу беру жеке жылу пунктінің пластиналық жылу алмастырғышы арқылы жүзеге асырылады. Бұл жүйенің ең жоғары жобаланатын қуаты – футбол алаңында стандарттық өлшемді.

Е.7.7 Электрлік қыздырғышты орнатқан кезде мыналар қамтамасыз етіледі:

а) автоматты реттеу жүйесі топырақты қыздыруға және ауа температурасы мен жауын-шашынның болуына байланысты қуаттылықты реттеу ықтималдығымен алаңның жұмсақ қызуын қарастырады;

б) барлық алаң бойынша біркелкі қызуды;

в) футбол алаңын қыздыру кез-келген қыздырылатын аймақтарға секцияларға бөлінуі мүмкін, бұл электрлік қуаттылықты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді;

г) жүйенің электр қауіпсіздігі жоғары сенімді экрандалған және механикалық қорғалған қыздру кабелімен, сондай-ақ жоғары сезімтал және тез әрекет ететін электрондық қорғаныс аспаптарымен қамтамасыз етіледі. Басқарудың электр техникалық аппаратурасын алаңы 10 - 15 м² жеке үй-жайда орнату керек.

Е.7.8 Қыздыру жүйесінің қуаттылығын футбол алаңы газонының конструктивтік ерекшеліктері мен жергілікті климаттық жағдайға байланысты қабылдау керек. Табиғи шөп газонын қыздыру үшін қыздырудың үлестік қуаттылығы 50 - 100 Вт/м^2 және жасанды гаон үшін 150 - 200 Вт/м^2 құрайды. Көлемі 105 м × 68 м стандарттық алаңдағы жалпы қуаттылық - 710 кВт, табиғи газон мен жасанды газон үшін 1000 - 1400 кВт құрайды.

Е.7.9 Жасанды жылытқышты футбол алаңы құрылысының схемасы Е.1-суретте берілген.

Метрмен



- дренаж құбыр d = 100 мм
- дренаж құбыр d = 150 мм
- жылуоқшаулау құбыры
- аралық құдық
- су ағысының бағыты

1 - жылыту құбырлары d = 25 мм
2 - коллекторлық құбыр
3 - таратқыш құбыр
4 - жеке жылу пункті

Е.1-сурет – Жасанды жылытуы бар футбол алаңы құрылысының схемасы

Метрмен



1 - геотекстиль; 2 - d = 100 мм ұзыннан дренаж құбыр;
3 – көлденең дренаж құбыр d = 150 мм; 4 – темірбетон лоток; 5 – ағаш тор; 6 – бетон тұтастырғыш; 7 – аралық құдық; 8 - 5-40 мм фракциялық қиыршықтас;
9 - 2-10 мм фракциялық қиыршықтас; 10 - 1-5 мм фракциялық қиыршықтас;
11 - d = 25 мм жылыту құбырлары; 12 – синтетикалық көгал

Е.1-сурет (жалғасы)

Ж қосымшасы
(міндетті)

Трибуналардағы көрермендер орнының орналасуы

Ж.1 Трибуналар бейіндері

Ж.1.1 Трибуналардың бейінін түзу көлбеу немесе үзік сызық бойында жобалау қажет.

Түзу көлбеу бейінін, әдеттегідей, қатарлар саны 15-тен аспаған жағдайда жобалау қажет.

Ж.1.2 Көлбеу еңіс бойынша немесе үзік сызықтың әр кесігі бойынша бейін еңісін Ж.1-суретке және А.1-кестеге сәйкес бақыланатын нүктенің (фокустың) кедергісіз көрінуінің қамтамасыз етілуімен қарастыру қажет.

Әр көрермен орнынан аренаға шолу секторының 4 % асырмай, аренаны тірек конструкциялармен ішінара қоршауға жол беріледі.

Ж.1.3 Футбол, регби, көгалдағы хоккей, допты хоккей алаңдарын және конькимен жылдамдықпен жүгіру жолдарын спорт ядросының (аренаның) құрамында орналастырған уақытта *Д* нүктесін айналып жүгіруге арналған жеңіл атлетика жолының ішкі (алаңға жақынырақ) жиегінде алу қажет; мұндайда *l1* және *l2* мәндерін (Ж.1-суретті қараңыз) 0 және тиісінше 2 м етіп алу қажет.

Ж.1.4 Бақыланып отырған нүктеге (фокусқа) бағытталған трибуна бейінінің соңғы қатарындағы көрерменнің *С* көру сәулесінің (немесе үзік сызық бойынша әрбір бейін кесігінің) алда отырған көрерменнің көзі деңгейін асырылуын ашық құрылыстарда 0,12 м бастап, 0,14 м дейін және 0,15 м етіп алу қажет.

Хоккей мен мәнерлеп сырғанауға арналған құрылыстарда бақыланып отырған нүктеге бағытталған бірінші қатардағы көрерменнің сәулесі жиектің жоғарғы шетімен немесе оның астымен өту керек.

Ж.1.5 *Д* нүктесінің орналасуын (Ж.1-суретті қараңыз) ойынға арналған алаңның (кілемнің, төсеніш тақтайдың, рингтің) төмендегідей көлемдерінің нәтижесінде қабылдау қажет: бадминтон үшін – 13,5 м × 6 м, баскетбол – 26 м × 14 м, бокс – 6 м × 6 м, күрес – диаметрі 9 м кілем немесе «татами» (дзюдо үшін) 10 м × 10 м, волейбол – 18 м × 9 м, теннис – 24 м × 11 м, көркем гимнастика – 12 м × 12 м, ауыр атлетика – 4 м × 4 м, футбол - 105 м × 68 м (ашық аспан астында), регби – 100 м × 69 м, көгалдағы хоккей – 92 м × 55 м, допты хоккей – 110 м × 70 м, хоккей және конькимен мәнерлеп сырғанау – 61 м × 30 м.

Ж.1.6 Бақыланатын нүктені (фокусты) *l2* қашықтықта қозғалтуға (Ж.1-суретті және А.1-кестені қараңыз) келесі жағдайларда жол беріледі:

- *l1* қашықтықта бақыланатын нүктені (фокусты) орналастыру кезінде трибуналардың қабылданған рұқсат етілген көлбеуден асырылуы;
- негізінен оқы-жаттығу сабақтарына арналған құрылыстарды жобалау;
- көрермендер орындарының ярустарда орналасуы;
- көрермендер орындарының Ж.2-сурет пен Ж.1-кестеде көзделген 2R қашықтығының шегінен тыс орналасуы



I – жоғарыдан толтыру (10-14 қатарлар кезінде ұтымды);
II – төменгі жақтан толу (10-14 қатарлар кезінде ұтымды); III - трибуна биіктігінің ортаңғы аймағынан толу (20-24 қатарлар кезінде ұтымды); IV – жинақталып толу (28-40 қатарлар кезінде): төменгі (а) және ортаңғы (б) аймақта немесе ортаңғы аймақта (б) және жоғарғы жақта (в).

Ж.1-сурет - Трибуналардың көрермендерге толу типтері

Ж.1.7 Ж.1-кестеде көрсетілмеген спорт түрлері үшін бақыланатын нүктені (фокусты) келесідей қабылдау керек:

- шаңғы жарысы мен тау шаңғысы спорты үшін – мәре жармасының ортасында жердің деңгейінен 0,5 м жоғары (қар жамылғысының ескерілуісіз);

- шаңғымен трамплиннен секіру үшін – трамплиннің жерге қону тауының ұзыннан осіндегі сындарлы жерге қону нүктесінде бетінен 0,5 м жоғары (қар жамылғысын ескерусіз);

- суға секіру үшін – секіруге арналған құрылғы трибунасына жақынырақ ұзыннан осьтегі су бетінде;

- есу үшін – трибунаға жақынырақ «судың» осі арқылы су бетінде;

- спорттық гимнастика үшін – трибунаға жақынырақ орналасқан снарядтың осі арқылы еден (төсеніш тақтай) бетінде.

Қозғалтылған уақытта (осы қосымшаның 6-т. көрсетілген жағдайларда) бақыланатын нүктенің (фокустың) орналасымын осы тармақта келтірілген спорт түрлері үшін бастапқы орналасымынан 0,5 м жоғары қабылдау қажет.

Метрмен



А – арена; Тр- трибуна; С – көру сәулесінің артуы;
Д – трибунадан ойын алаңына (кілем, тұғыр, ринг) жақын шекара;
F – бақыланатын нүкте (фокус); *l1* – Д бастап F дейінгі қашықтық;
l2 – бақыланатын нүктені (фокусты) ауыстыруға жол берілетін қашықтық.

Ж.2-сурет – Бақыланатын нүктенің (фокустың) орналасқан жері

Ж.2 Көрермендер орны орналасқан аймақтар

Ж.2.1 Көрермендер орнын Д.1-кестеде келтірілген аймақтар шегінде орналастыру қажет.

Ж.2.2 Футбол, регби, көгалдағы хоккей, допты хоккей алаңдарын және конькимен жылдамдықпен жүгіру жолдарын спорт ядросының (аренаның) құрамында орналастырған уақытта немесе осы құрылыстардағы (оның ішінде спорт ядросының жанында) трибуналардың сыйымдылығы 10 мың көрерменнен артық болған жағдайда көрермендер орнының бір бөлігін *II* аймағынан тыс орналастыруға жол беріледі; мұндайда *0* нүктесінен (Ж.2 суретті қар.) есептелген қашықтық сыйымдылық 20 мың көрерменге дейін болған жағдайда 100 м аспауы тиіс. Ал әр толы немесе толмаған 10 мың орынға 20 мың көрерменнен астам болған жағдайда, арақашықтық 5 м ұлғайтылуы керек.

Ж.2.3 *0* нүктесінің орналасуын:

- спорттық жүзу үшін – ванна ұзындығының 0,25 тең мәреден есептелген ара-қашықтықта ваннаның ұзыннан осі бойынша су бетінде;

- спорт ядроларының (ареналарының) құрамында орналаспаған жағдайда конькимен жылдамдықпен жүгіру үшін – түзу жол ұзындығының 0,25 тең мәре сызығынан қашықтықта тура мәресінің ұзындық осімен жолдың бетінде;

- Ж.1-кестеде көрсетілген қалған спорт түрлері үшін, сондай-ақ спорт ядроларында (ареналарында) және жеңіл атлетика залдарында – спорт аренасының геометриялық орталығында алу қажет.

Жеңіл атлетикаға арналған залдарда тура жолмен жүгіру жолы айналып жүгіру жолының тура кесігімен үйлеспеген жағдайда – жолдың осы тұсының ұзындығының 0,25 тең мәре сызығынан есептелген қашықтықта оның тура тұсының ұзыннан осінде тура жүгіруге арналған жолдың бетінде.

Ж.2.4 Спорт-ойын-сауық құрылыстарында арена мен көрермендер орнының трансформациялану схемасын (эстрада мен уақытша орындардың, оның ішінде партердің орналасқан жері, сондай-ақ көрермендер орны орналасқан аймақтарды белгілеу) ҚР ЕЖ 3.02-120 ескере отырып қабылдау қажет.

Ж.1-кесте – Бақыланатын нүктеден (фокустан) бастап алаңға дейінгі қашықтық

Метрмен

Сол үшін құрылыс арналатын спорт түрлері*	R қашықтығы
Футбол, регби, шөптегі хоккей, доппен хоккей, шаңғымен шапшаң жүгіру, ашық ауадағы жеңіл атлетика	27
Үй-жайдағы жеңіл атлетика, хоккей, конькимен мәнерлеп сырғанау, гандбол, теннис, волейбол	23
Спорттық жүзу, баскетбол, бадминтон, акробатика, спорттық гимнастика	18
Көркемдік гимнастика, бокс, күрес (классикалық, еркін, самбо, дзюдо), ауыр атлетика	12

* Әмбебап құрылыстарда барынша үлкен болып табылатын спорт түрі үшін (құрылыс арналған спорт түрінің санынан) R мәнін қабылдау керек.

К қосымшасы
(ақпараттық)

Ашық спорт құрылысы қосалқы үй-жайының құрамы мен ауданы

К.1-кесте – Шаңғы базаларының қосалқы үй-жайларының құрамы мен ауданы

Шаршы метрмен

Үй-жайлар	Ашық жазық спорт құрылыстары (кешендер, стадиондар)	Шаңғы базалары	Тирлар мен ату орындары	Есу базалары	Қосымша талаптар
	ауданы, кем дегенде				
1	2	3	4	5	6
1 Вестибюль: а) жаттығушыларға арналған	Ауысымдағы адамдар саны: 75 адамға дейін - 0,5; 75 бастап 125 адамға дейін - 0,4; 125 адамнан артық -0,25 жазғы уақытта ауысымдағы бір жаттығушыға және 0,5- қысқы уақытта, бірақ кем дегенде 20	0,5 бір жаттығушыға, бірақ кем дегенде 20		Ауысымдағы адамдар саны: 50 адамға дейін - 0,5; 50 бастап 90 адамға дейін - 0,4; 90 адамнан артық - 0,2 ауысымдағы бір жаттығушыға, бірақ кем дегенде 20	Шаңғымен бұқаралық сырғанау үшін вестибюль қарастырылмайды.
б) көрермендерге арналған	-	-	0,25 бір көрермен орнына, тек жабық және жартылай ашық тирларда	-	-

К.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

1	2	3	4	5	6
2 Сырт киім сақтайтын бөлме (кедергі артындағы аудан):	0,1 бір орынға, бірақ кем дегенде 10 (дене шынықтыру-сауықтыру жаттығуларына арналған құрылыстарда - кем дегенде 6)				
а) жаттығушылар мен қызметкерлерге арналған	Есептелген орын саны:				
	ауысымдағы адамдар саны 75 адамға дейін-200 %; 75 бастап 125 адамға дейін - 140 %; 125 адамнан артық- жазғы уақыттағы оқу-жаттығу сабақтары жанында ауысымдағы өткізу қабілетінің 100 % және 200 % - қысқы уақыттағы	оқу-жаттығу сабақтары жанында ауысымдағы жаттығушылардың 200 %	ату орындарының және жабық, жартылай жабық тирлардағы ату кабинетіндегі орындардың жиынтық санының 200 %. Ату кешендерінің 150 %.	ауысымдағы адамдар саны: 50 адамға дейін -200%; 50 бастап 90 адамға дейін - 140 %; 90 адамнан жоғары - 100 % оқу-жаттығу сабақтары жанында ауысымдағы өткізу қабілетінің	көпшіліктің сырғанауына арналған шаңғы базаларында К.12-кесте бойынша қабылданады
Штаттық кесте немесе жобалау тапсырмасы бойынша қызметкерлердің 100 %					
3 Кассалар: а) касса кабиналары	Бір кабинаға 2,5. Кабиналардың есептік саны: 1 - көрермендер орнының саны (немесе көпшілікке арналған ақылы сырғанаққа келушілердің) 1500 дейін болғанда; 2 – 1500 жоғары 5000 дейін көрермендер орнының саны кезінде				-

К.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

1	2	3	4	5	6
б) билет кассалары меңгерушісінің (әкімшінің) үй-жайы	3 - көрермендер орнының саны (немесе көпшілікке арналған ақылы сырғанаққа келушілердің) 5000 жоғары 10 000 дейін. 10 000 жоғары көрермендер орнының саны кезінде әрбір 5500 бір кабина				
	6				-
в) касса вестибюлі	- әр кабинаға 15				-
4 Жаттығушылар киім ауыстыратын орындар (отырғыштар мен өткелдер):	1- үй-жайда орын саны 50 артық болғанда бір орынға; 1,2 – орын саны 30 бастап, 50 дейін болғанда; 1,3- орын саны 30 болғанда				-
а) ерлерге және әйелдерге арналған	Ауысымдағы адамдар саны: 75 адамға дейін- 100 %; 75 бастап 125 адамға дейін - 70 %; 125 адамнан жоғары - оқу-жаттығу сабақтары жанында ауысымдағы өткізу қабілетінің 50 %	Оқу-жаттығу сабақтары жанында ауысымдағы өткізу қабілетінің 100 %	Ату кешендеріндегі әр үй-жайдағы ату орындарының 100 %, бірақ кем дегенде 9 м^2	Ауысымдағы адамдар саны: 50 адамға дейін - 100 %; 50 бастап 90 адамға дейін - 70 %; 90 адамнан жоғары- оқу-жаттығу сабақтары жанында ауысымдағы өткізу қабілетінің 50 %	Боксшылар, күрескерлер, ауыр атлетшілер, трамплиннен шаңғыменн секірушілер және каноэде есушілер үшін тек ерлерге арналған шешінетін орындар қарастырылады. Әр шешінетін орын жанында конькимен жүгірушілер мен

К.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

1	2	3	4	5	6
			Жалпы саны 100 және одан кем болған жағдайда 50 %; саны 200 болған жағдайда ату орындарының 30 %		мәнерлеп сырғанаушылар үшін қосымша ауданы 3 $м^2$ болатын конькинің жеке нүктесіне арналған кабинаны қарастыру қажет
5 Жаттығушылардың үй киімі сақталатын шкафтар:	Өлшемі 0,6 м х0,3 м екі ярусты бір жабық шкаф үшін 0,18 Екі ярусты шкафтардың есептелген жиынтық саны (ерлерге және әйелдерге арналған шешінетін орындарда):				
а) шешінетін үй-жайда: ерлерге және әйелдерге арналған	ауысымдағы адамдар саны: 75 адамға дейін - 150 %; 75 бастап 125 адамға дейін - 105 %; 125 адамнан артық- оқу-жаттығу сабақтары жанындағы ауысымдағы өткізу қабілетінің 75 %	Екі және одан көп ауысымды оқу-жаттығу сабақтары жанындағы жаттығушылардың 150 % (трам-плиннен шаңғымен секіру үшін – ауысымдағы жаттығушылар 100 %)	Бөлек тұрған тирларда – ату орындарының 150 %. Саны 150 және одан кем болған жағдайда ату орындарының 75 %; саны 200 болғанда 45 %	ауысымдағы адамдар саны: 50 адамға дейін - 150 %; 50 бастап 90 адамға дейін - 105 %, 90 адамнан артық – оқу-жаттығу сабақтары жанында ауысымдағы өткізу қабілетінің 75%.	Шаңғымен және конькимен көпшіліктің сырғанауы үшін қарастырылмайды. Дене шынықтыру-сауықтыру сабақтарына арналған үй-жайлар жанындағы шешінетін орындарда киімді ашық (ілмектерден басқа) сақтауға жол беріледі;

К.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

1	2	3	4	5	6
		Бір ауысымды сабақтарда - 75 %, ал трамплиннен шаңғымен секіру үшін – ауысымда жаттығушылардың 50 %	200; саны 300 және одан артық болған жағдайда 38 %		Бұл жағдайда шкафтарға орын бөлінбейді. Шкафтар киім ауыстыруға арналған орындармен (отырғыштармен) блокта орналасуы тиіс. Шкафтардың саны киім ауыстыратын орындардың санынан артық болғанда. Отырғыштармен бір блокта орнатылмайтын әр шкафқа арналған ауданды 0,5 м^2 деп алу қажет.
командалық	Жаттығушылардың киім ауыстыруы үшін әр шешінетін орында 50 % орынға (осы кестенің 5 б-т. қараңыз)	-	-	-	Киімді ашық (ілмектерден басқа) сақтауға жол беріледі; Бұл жағдайда шкафтарға орын бөлінбейді
б) үй киімі сақталатын бөлек үй-жайда	Көлемі 6 м × 0,3 м (өткелдерді ескере отырып) екі ярусты бір ашық шкафқа 0,5. Екі ярусты шкафтардың есептік саны:				

К.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

1	2	3	4	5	6
	ауысымдағы адамдар саны: 75 адамға дейін- 100 %; 75 бастап 125 адамға дейін - 70 %; 125 адамнан артық- оқу-жаттығу сабақтары жанындағы ауысымдағы өткізу қабілетінің 50 %	Екі және одан көп ауысымды оқу-жаттығу сабақтары жанындағы ауысымда жаттығушылардың 100 %. Бір ауысымды сабақтар жанында – ауысымжа жаттығушылардың 50 %,	Бөлек тұрған тирларда – ату орындарының 100 %. Саны 100 және одан кем болғанда ату орындарының 50 %; саны 200 болғанда 30 %; Саны 300 және одан артық болғанда 25 %.	ауысымдағы адамдар саны: 50 адамға дейін -100 %; 50 адамнан 90 адамға дейін - 70 %, 90 адамнан артық- оқу-жаттығу сабақтары жанындағы ауысымда өткізу қабілетінің 50 %.	Шаңғымен және конькимен көпшіліктің сырғанауы үшін қарастырылмайды.
	1,5 бір орынға, бірақ кем дегенде 18. Есептелген орын саны:				
6 Жаттығушылар демалысына арналған үй-жай	Қысқы уақытта оқу-жаттығу сабақтары жанында құрылыстардың өткізу қабілетінің 10 %	оқу-жаттығу сабақтары жанында құрылыстардың өткізу қабілетінің 20 %		оқу-жаттығу сабақтары жанында базаның өткізу қабілетінің 10 %	Шаңғымен және конькимен көпшіліктің сырғанауы үшін, өткізу қабілеті 100 адамнан кем ашық жазық спорт құрылыстарының кешендерінде, ықшам аудандардың құрылыстарында қарастырылмайды.

К.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

1	2	3	4	5	6
					Дәліздердің жарық аралықтарында қарастыруға, сонымен қатар вестибюльмен немесе жаттығушыларға арналған буфеттің сауда залымен біріктіруге жол беріледі. Маусымдық қызметтегі есу базаларында дәліздер немесе жабық терассалар түрінде қарастырылады
7 Медициналық қызмет көрсетуге арналған үй-жай: а) кабинет	14	-	-	-	Спорт кешендерінде күту орны бар дәрігер кабинетін кешендегі ғимараттардың бірінде қарастыруға болады; мұндай кезде қалған құрылыстарда ауданы 9 м^2 медбике бөлмесін қарастыру қажет. Күту орнын дәліздің кеңейтілген жерінде қарастыруға болады
б) күту орны	-	-	-	-	
в) медбикенің бөлмесі (процедура бөлмесі)	-	-	-	-	

К.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

1	2	3	4	5	6
8 Оқу сыныбы (әдістемелік кабинет): а) жатығуларға арналған үй-жай	30	30	-	30	Шағын елді мекендердегі, ықшам аудандардағы және ауылдық мекендердегі құрылыстарды санамағанда, жыл бойы жұмыс істейтін құрылыстарда ғана қарастырылады. Сынып саны мен олардың қажеттілігі жобалау тапсырмасымен айқындалады.
б) керек-жарақтар сақталатын үй-жай	10	10	-	10	Екі және одан артық кластарда қарастырылады.
9 Массаж жасау үй-жайы және құрғақ бу моншасы: а) массаж үй-жайы	Бір үстелде 12. Бір үй-жайда екі және одан артық үстел жанында - әр үстелге 8 $м^2$				Массаж бөлмесі медициналық-қалыпқа келтіру орталығының құрамында болған жағдайда массаж бөлмесінің жанында шешінетін орын қарастырылмайды. Массаж бөлмелерінің
б) құрғақ бу камерасының үй-жайы	камераға кіреберістегі шлюзді санамағанда бір орынға 2, бірақ кем дегенде 10				
в) киім шешетін орын: - массаж жасау бөлмесі	бір үстелге 1,5, бірақ кем дегенде 5				

К.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

1	2	3	4	5	6
- монша жанындағы	камерадағы бір орынға 1,5, бірақ кем дегенде 12				жарақталу қажеттілігі мен ондағы үстелдер саны және құрға бу камерасы үй-жайларындағы орын саны жобалау тапсырмасымен айқындалады.
г) монша жанындағы демалатын бөлме	камерадағы бір орынға 2 бірақ кем дегенде 12				Бөлек тұрған тирлар мен ату орындарында шаңғымен және конькимен көпшіліктің сырғанауы қарастырылмайды
10 Жұмысшыларға арналған тұрмыстық үй-жайлар (ерлерге және әйелдерге арналған)	бір орынға 1,5, бірақ әр үй-жай кем дегенде 9. Есептелген орын саны – штаттық кесте бойынша немесе жобалау тапсырмасы бойынша санының 50 %				-
11 Нұсқаушы мен бапкерлер құрамының бөлмелері (ерлерге және әйелдерге арналған)	бір орынға 2,5 (бөлмедегі орын саны 10 артық болғанда 1,8), бірақ кем дегенде әр бөлме 9. Есептелген орын саны:				Егер жобалау тапсырмасында өзгеше белгіленбесе, ерлер мен әйелдер санының ара-қатынасы 1:1 деп алыну
	оқу-жаттығу сабақтары жанындағы ауысымда өткізу қабілетінің әр 25 адамына	шаңғы жарысы бойынша оқу-жаттығу сабақтары	шаңғы жарысы бойынша оқу-жаттығу	байдаркадағы және каноэ академиялық ескектегі оқу-жаттығу сабағының	

К.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

1	2	3	4	5	6
	біреу	жанындағы ауысымда өткізу қабілетінің әр 25 адамына және 15 адамға біреу	сабақтары жанындағы ауысымда өткізу қабілетінің әр 25 адамына және 15 адамға біреу	ауысымындағы өткізу қабілеті әрбір 15 адамға және халықтық есу базасындағы әрбір 22 адамға біреу	қажет. Әрқайсысының ауданы 1 м^2 болатын киім ауыстыратын кабиналарды қарастыра отырып, ерлер мен әйелдер үшін отақ жобалауға жол беріледі. Кабиналар саны 5 орынға. Нұсқаушы мен бапкерлер құрамының бөлмелері бассейндері мен ванналардың айналу өту жолымен тікелей байланыспаған жағдайда қосымша айналып өту жолына тура шығатын есігі бар ауданы 6 м^2 кезекші нұсқаушының бөлмесін қарастыру қажет. Дене шынықтыру-сауықтыру жаттығулары үшін сонымен қатар ұсақ-түйек құралдарды сақтау үшін арналады. Осыған байланысты ең шағын

К.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

<table>
<tr><th>1</th><th colspan="4">2</th><th>3</th><th>4</th><th>5</th><th>6</th></tr>
<tr><td></td><td colspan="5"></td><td>аудан 12м^2 дейін ұлғайтыла алады</td></tr>
<tr><td rowspan="5">12 Әкімшілік және инженерлік-техникалық қызметкерлердің қызметтік үй-жайлары:

а) директордың кабинеті</td><td colspan="5">қызметкерлер саны 100 және одан көп адам болғанда 24;
қызметкерлер саны 100 адамға дейін болғанда 12</td><td rowspan="5">Директор мен бас инженердің кабинеттері жанында ортақ қабылдау орны қарастырылады. Қызметкерлер саны 10 адамнан кем болған жағдайда бастықтың (меңгерушінің) кабинетін қарастырмай, жұмыс орнының ауданын 7 м^2 деп алуға болады.</td></tr>
<tr><td>б) қабылдау бөлмесі</td><td colspan="5">қызметкерлер саны 100 және одан көп адам болғанда 12</td></tr>
<tr><td>в) бас директордың, бас инженердің кабинеті</td><td colspan="5">қызметкерлер саны 100 және одан көп адам болғанда
12;
қызметкерлер саны 100 адамға дейін болғанда 9</td></tr>
<tr><td>г) бөлім бастығының (меңгерушінің) кабинеті</td><td colspan="5">бөлім (қызмет) қызметкерлерінің саны 10 және одан көп адам болғанда 9</td></tr>
<tr><td>д) комендантты бөлмесі</td><td>8</td><td colspan="2">8</td><td>8</td><td>8</td></tr>
<tr><td>е) бөлімшелердің жұмыс үй-жайлары</td><td colspan="5">бір қызметкерге 4</td><td></td></tr>
<tr><td>ж) мәжіліс залы</td><td colspan="5">қызметкерлер саны 100 адам және одан артық болғанда 72</td><td></td></tr>
</table>

К.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

1	2	3	4	5	6
13 Бассейндердегі суға химиялық және бактериологиялық талдау жасау зертханасы	-	-		-	
14 Тазалау құралдары сақталатын үй-жай	Тазаланатын үй-жайлардың еденін әр 1000 м^2 ауданына 4				
15 Өрт сөндіру постысына арналған үй-жай	Ашық құрылыстардағы трибуналардағы көрермендер саны 20 мың орын болғанда 25 немесе жабық құрылыстарда 2 мыңнан артық болғанда; ашық құрылыстарда 5 мыңнан 20 мыңға дейінгі көрермендерге арналған трибуналар жанында 20; жабық құрылыстарда 1 бастап 2 мыңға дейінгі көрермендерге арналған трибуналарда 15;				
16 Қоғамдық тәртіпті сақтайтын жұмыскерлерге арналған үй-жайлар	Әрқайсысы 10 - 12 м^2 екі бөлме				Сыйымдылығы кем дегенде 5 мың көрермен трибуналары бар ашық құрылыстарда немесе кем дегенде 1,5 көрермен трибуналары бар жабық құрылыстарда қарастырылады
17 Өртке қарсы құралдар сақталатын үй-жай	-	12		12	Елді мекеннен тыс ату кешендерін, шаңғы және есу базаларын орналастырған уақытта қарастырылады

К.1-кестенің жалғасы

Шаршы метрмен

1	2	3	4	5	6
18 Комендант (күзетші) пәтері	ҚР ЕЖ 3.02-101 талаптарына сай Бөлмелер саны жобалау тапсырмасымен айқындалады				Құрылысты елді мекеннен тыс орналастырған уақытта жобалау тапсырмасымен қарастырылады

[1] Жыл бойы қолданыстағы құрылыстар есеп бойынша алынған ең көп аудандарда қабылданады; құрылыста конькимен көпшілік сырғанау қарастырылған, вестибюльдің және сырт киімдер сақтайтын орынның есептік ауданына қысқы мезгілде оқу-жаттығу сабақтары үшін: вестибюльге –сырғанақтың берілген өткізу қабілеттігінің 25 % 1,12 м^2 есебінен, ал киім сақтайтын орынға – 100 % сырғанаушылардың 0,1 м^2 есебінен аудан қосу керек. Сонымен қатар, киім сақтайтын орынның бөгеуінен кейін сырғанақтың өткізу қабілеттігінің 25 % 0,04 м^2 есебінен спорт сөмкелері мен рюкзактарды сақтауға арналған қосымша орынды қарастыру керек.

[2] Тирлер мен ату орындарындағы ерлер мен әйелдердің киім ілетін бөлмелерінің орындар санынан қатынасын 3:1 қабылдау керек. 10 және одан кем ату орындарының саны бар тирлерде бір киім ілетін бөлмені (ерлер мен әйелдер үшін жалпы) қарастыруға, оған әрқайсысының өлшемі (жоспарда) 1×1 киінуге және киім ілетін бөлме үй-жайында үй киімді сақтауға арналған 1-2 кабинаны орнатуға жол беріледі (осы кестені қараңыз).

Киім ілетін бөлменің жалпы ауданы есептеу бойынша анықталады, бірақ 12 м^2 кем болмауы тиіс.

[3] Балаларға арналған киім ілетін бөлмеде, ал команданың киім ілетін бөлмелерінде бір қабатты шкафтарды қолдануға (екі қабатты шкафтар қойылатын аудан) жол беріледі; бұл жағдайларда кестеде берілген шкафтардың есептік саны екі есеге ұлғайтылуы тиіс.

К.2-кесте – Көпшіліктің сырғанауына арналған шаңғы базаларының қосалқы үй-жайларының құрамы мен ауданы

Шаршы метрмен

<table>
<tr><td rowspan="4">Үй-жайлар</td><td colspan="3">Базалар</td></tr>
<tr><td rowspan="2">көпшіліктің сырғанауына арналған</td><td colspan="2">оқу-жаттығу сабақтарына және жарыстарға арналған *</td></tr>
<tr><td>шаңғы жарысы, биатлон** және тау түрлері бойынша</td><td>трамплиннен шаңғымен секіру бойынша</td></tr>
<tr><td colspan="3">үй-жайдың ауданы, (кем дегенде)
немесе бір орынға ауданыжәне орындардың есептік саны</td></tr>
<tr><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td></tr>
<tr><td>1 Вестибюль-жылытқы[1]: киінуге, жылынуға және демалуға арналған орындар</td><td>1,12 бір орынға (кем дегенде 25). Базаның өткізу қабілеттігінің 10 % орындар саны</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>киінуге арналған кабиналар</td><td>бір кабинаға 1. Кабиналар саны - Базаның өткізу қабілеттігінің 250 адамына біреу, кем дегенде екі</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>2 Сырт киімдерді сақтайтын орын (бөгеулерден кейінгі ауданы):
